



*Мұхаммед Хайдар  
Дулати – көрнекті  
мемлекет қайраткері, әйгілі  
тарихшы, ғалым, әдебиетші*

*Библиографиялық көрсеткіш*

*Тараз, 2018*



**Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі тарихшы, ғалым, әдебиетші:** Библиографиялық көрсеткіш/Құрастырушы: Д.Искакова.- Тараз қаласы.-М.Х.



Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті.-  
Кітапханалық-ақпараттық орталық, 2017.- 64 бет.  
Әдебиеттер – 17 аталым, 262 дана; мерзімді  
басылымдар беттеріндегі 47 мақалалар тізімі  
әліпбилік ретпен берілген.

Библиографиялық көрсеткіш Дулат Хұсайынұлы  
Мұхаммед Хайдар (1499-1551) – көрнекті  
мемлекет қайраткері, әйгілі тарихшы, ғалым,  
әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің  
тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін  
«Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаһаннама»  
дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі  
Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Оның толық  
аты-жөні – Дулат Мұхаммед Хұсайынұлы Мырза  
Мұхаммед Хайдар. Мұндағы «Мұхаммед Хайдар»  
- өз аты, «Мұхаммед Хұсайын» - әкесінің аты,  
«Мырза» - текті әулеттің тұқымы екенін білдіретін  
атау (хан балаларының ханзада, сұлтан аталатыны

секілді), «Дулат» - шыққан тайпасының аты.

**Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі тарихшы, ғалым, әдебиетші:** Библиографический указатель/  
Составитель Д.Искакова. –Тараз.-

Библиотечно-информационный центр  
Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати, 2017.-64 стр.  
(Литература состоит из 17 наименований, 262 экземпляров и сборник статей собранных из периодических изданий состоит 47 наименований, списки составлены в алфавитном порядке).



Библиографический указатель «**Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі тарихшы, ғалым, әдебиетші**» составлен из биографических данных с университетского сайта. Одним из выдающихся сынов казахского народа, забытых во времена тоталитарной системы, является **Мухаммед Хайдар Дулати**, живший и творивший в сложную эпоху. Полное имя Дулати звучало Мырза Мухаммед Хайдар бон Мухаммед Хусаин Дуглат Кореген.

Библиографический указатель предоставлен широкому кругу читателей.













**Дулати Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар** (1499-1551) – әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаханнаме» дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Оның толық аты-жөні – Дулат Мұхаммед Хұсайынұлы Мырза Мұхаммед Хайдар. Мұндағы «Мұхаммед Хайдар» – өз аты, «Мұхаммед Хұсайын» – әкесінің аты, «мырза» – текті әулеттің тұқымы екенін білдіретін атау (хан балаларының ханзада, сұлтан аталатыны секілді), «дулат» – шыққан тайпасының аты.

М.Х. Дулати – көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтың – тұңғыш тарихшысы, философы, ғұлама ақын, дипломат, әскери қолбасшы және ол қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі – ұлы ойшыл ғалым.

Дулат Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ташкент қаласының төңірегінде дүниеге келген. Жетісудағы Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Ұлы атасы Мұхаммед Хайдар мырза Қашқарияны биледі. Әкесі Мұхаммед Хұсайын XV ғасырдың ақыры мен XVI ғасырдың басында Моғолстанның батыс бөлігін билеген Сұлтан Махмұд ханның жақын адамдарының бірі болды. Мұхаммед Хайдардың анасы Хубнигар ханым – Шағатай ұрпағы, Моғолстан ханы – Жүнісханның қызы. Ол Ташкент қаласын билеп, Алмалыққа дейін басқарған. Хайдардың жазуынша Жүнісхан – көшпелі руларды отаршылыққа айналдырып, қала салу ісімен шұғылданған кісі.

М.Х. Дулат Моғолстанның сұлтан Сайд ханмен және Үндістандағы баласы ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захир әд-Дин Мұхаммед Бабырмен бөле. М.Х. Дулатидің балалық шағы Мұхаммед Шайбани хан бастаған көшпелі өзбектердің қысымынан Орта Азияда Әмір Темір әулеті мемлекетінің күйреуі, Моғолстанның ыдырау және қазақ хандығының өркендеу дәуірімен тұстас келді. Сұлтан Махмұд хан мен Мұхаммед Шайбани ханның соғыстары кезінде 1508 жылы Шайбани әскерінің қолында М.Х. Дулаттың әкесі өледі. Сегіз жасар Хайдар әкесінен жетім қалып, үш-төрт жылдай Кабулдағы өзінің бөлесі, атақты жазушы Бабырдың қолынан тәрбие алады. Ол Бабырдың Мауереннахр жорығына қатысты. 1512 жылдан бастап Сұлтан Сайд ханның Қашқардағы сарайында тұрып, әскери және сарай қызметін атқарды. Оның Әбу Бәкірмен Қашқар және Жаркент үшін 1514 жылы болған соғысына, сондай-ақ Қырғыстанға, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға және Тибетке жасаған әскери жорықтарына қатысты.

Хан мұрагері – Әбу ар-Рашид сұлтанды тәрбиеледі. 1533 жылы хан тағына отырған Әбу ар-Рашид Дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қатты қуғынға ұшыратты. М.Х. Дулаттың немере ағасы Сайд Мырза өлтірілді. М.Х. Дулат Үндістанға қашып кетті. Ол мұнда ұлы Моғолдар сарайында әскери қолбасшы болды, Кашмирді жаулап алу соғысына қатысады. Жаулап алғаннан кейін Ұлы Моғолдар атынан біраз уақыт Кашмирді билеп тұрады. 1551 жылы жергілікті халықтың көтерілісі кезінде 52 жасында сол жерде дүние салады. М.Х. Дулати – XV ғасырдың алғашқы жартысында жасаған Бабыр сияқты, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан білгіш, майталман кісінің бірі. Ол ғылымға қатты көңіл бөліп, кітап оқып, өлең шығарып, сурет салу ісімен айналысады, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерімен шұғылданады. Онымен бірге Хайдар өзінің ойға жүйрік, майталман, сөзге шебер, ерекше санлақ болуымен халық ортасында даңқты болады.

Қазақстанда Дулати бабамызға ел тәуелсіздігін алған кезден бастап айырықша көңіл бөліне бастады. БҰҰ-ның шешімі бойынша 1999 жылы М.Х. Дулатидың 500 жылдығына арналған арнайы конференция өткізілді.

Енді ғана есін жиып, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өткеніне үңіле бастаған елдің тарихының өшкенін тауып, қайнар бастауын зерттеп-білу Хайдар Дулатисыз мүмкін емес. Күні бүгінге дейін Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіптен түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген еуропалық ғалымдардың қай-қайсысын алсақ та, оған жүгінбей, еңбегіне соқпай кете алмайды.

<http://www.tarsu.kz/kz/biografiya.html>

### **М.Х. Дулатидің өмірі мен қызметі МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ (1499–1551 ЖЖ.)**

XVI ғасырдың көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ Геродоты атанған тарихшы, қолбасшы, ақын, әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулати ежелгі түркі тайпаларының бірі – дулаттан шыққан ойшыл ғұлама.

Дулат Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ташкент қаласының төңірегінде дүниеге келген. Ұлы атасы Мұхаммед Хайдар мырза Қашқарияны биледі. Әкесі Мұхаммед Хұсейін XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында Моғолстанның батыс бөлігіне билік еткен Сұлтан Махмұд ханның жақын адамдарының бірі болды. Мұхаммед Хайдардың анасы Хубнигар ханым – Шағатай ұрпағы, Моғолстан ханы – Жүніс ханның қызы. Ол Ташкент қаласын билеп, Алмалыққа



дейін басқарған. Хайдардың жазуынша Жүніс хан – көшпелі руларды отырықшылық өмір салтқа үйреткен тұлға.

М.Х. Дулати сұлтан Сайд ханмен және Үндістандағы баласы Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захир әд-Дин Мұхаммед Бабырмен бөле. М.Х.Дулатидің балалық шағы Мұхаммед Шайбани хан бастаған көшпелі өзбектердің қысымынан Орта Азияда Әмір Темір әулеті мемлекетінің күйреуі, Моғолстанның ыдырау және қазақ хандығының өркендеу дәуірімен тұстас келді. Сұлтан Махмұд хан мен Мұхаммед Шайбани ханның соғыстары кезінде 1509 жылы Шайбани әскерінің қолында әкесі Мұхаммед Хұсайн қаза болады. Сегіз жасар Хайдар әкесінен жетім қалып, үш-төрт жылдай Кабулдағы өзінің бөлесі, атақты жазушы Бабырдың қолында тәрбиеленеді. Ол Бабырдың Мауереннахр жорығына қатысады. 1512 жылдан бастап, Сұлтан Сайд ханның Қашқардағы сарайында тұрып, әскери және сарай қызметін атқарады. Оның Әбу Бәкірмен Қашқар және Жаркент үшін 1514 жылы болған соғысына, сондай-ақ Қырғызстанға, Оңтүстік – Шығыс Қазақстанға және Тибетке жасаған әскери жорықтарына қатысады. Мұхаммед Хайдар Дулат хан тағының мұрагері Абу ар-Рашид сұлтанды тәрбиелейді. Бабырдың айтуы бойынша Мұхаммед Хайдар Дулат энциклопедиялық біліммен қаруланған ғалым болған. Ол сол кезеңдегі саяси жағдайлар мен саяси қайраткерлердің барлығынан хабардар болатын. 1533 жылы Сұлтан Саид хан қайтыс болады да, оның тағына отырған мұрагері Әбу ар-Рашид Дулат тайпасымен келісе алмай, олардың отбасын қуғынға ұшыратады. Жорықта жүріп осындай қайғылы хабар алған Мырза Хайдар өз өміріне де қауіп төнгенін сезіп, сол кездегі Пәкістанның ғылыми және мәдени орталығы Лаһорға кетіп, бірнеше жыл сонда тұрақтайды. Кейіннен Бабырдың баласы Хұмаюнға қосылып, бірнеше жорықтарына қатысады. М.Х.Дулати 1540 жылы Хұмаюн берген аз ғана әскермен бірге Кашмирді басып алады. Сол жерде 11 жыл билік етеді. Ол өзіне қараған қалалар мен қоныстардың әл-ауқатын көтеріп, жолдарын жақсартты. Әдебиет пен мәдениеттің өркендеуіне жағдай жасады. Кашмир өлкесін гүлдендіріп абат баққа айналдыру ойымен талай жерлерге өкілдерін аттандырып, қолынан іс келетіндерді өзіне шақырды. Бірте-бірте ол Тибетті де өз иелігіне қосып алды. 1551 жылы жергілікті халықтың көтерілісі кезінде 52 жасында сол жерде дүние салады.

### М.Х.ДУЛАТИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ

М.Х.Дулати – Орта Азия халықтарының тарихы, этнографиясы мен географиясы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті туралы сөз ететін «Тарих-и Рашиди» еңбегі мен «Жаһан наме» атты классикалық шығармалардың авторы.

### «ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІ

Қазақ тарихы мен мәдениетінің қалыптасуына көп үлес қосқан – көрнекті ғалым, тұңғыш тарихшы, әрі шежіреші, әдебиетші, орта ғасырдағы мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулати XIV-XVI ғасырлардағы тек отандық тарихты ғана емес, сонымен бірге біртұтас Орталық Азия аймағының халықтары мен Шығыс Түркістан, Тибет, Үнді халқының, яғни Шығыстың тарихы, мәдениеті туралы құнды еңбек қалдырды. Ғалымның парсы тілінде жазылған «Тарих-и Рашиди» еңбегі медиэвистикада (орта ғасырлар кезеңін зерттейтін тарих ғылымының саласы (лат. - *medium aevum* - орта ғасыр деген сөзі) кеңінен танымал. Оны XVI-XVII ғасырлардағы көптеген шығыс авторлары мен соңғы орта ғасырлардағы Орталық, Орта Азия тарихын зерттеушілер түпнұсқа ретінде пайдаланды. Бұл тарихи еңбек екі дәптерден





тұрады. Бірінші дәптер 70 тараудан, екінші дәптер 117 тараудан тұрады. Бірінші дәптер Тоғлық Темірдің хан тағына отырған 1346 жылдан бастап, 1546 жылға дейінгі тарихи оқиғалар, көптеген тарихи тұлғалардың өмірбаянын қамтыған күрделі кезең туралы жазылған. 1346-1546 жылдар аралығында Орталық Азиямен қатар Тибет, Кашмир, Иран, Ауғанстан, Тәжікстан, Қашқар, тіпті Иракқа дейінгі территорияның шеңберінде оқиғалар барынша шеберлікпен бейнеленген. Екінші дәптер М.Х.Дулатидің өзінің өмірі, естеліктері, көрген-білгендері, өзбек шағатай хандарымен сұлтандарының тарихы және өз замандастарының басынан өткен оқиғалары баяндалады.

«Тарих-и Рашиди» – Орта Азия тарихы туралы жазылған шығармалардың ішінде ең мағыналысы және мағлұматтың ең дұрыс толығы болып саналады. Бұл еңбек бүгінде барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүниежүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр. М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі – Орталық Азия халықтарының XIII–XVI ғасырлардағы тарихы мен географиясы, этнографиясы, әдебиеті мен мәдениеті, өнері жайлы классикалық шығарма. «Тарих-и Рашиди» – өз заманының көрнекті, тарихи-әдеби энциклопедиялық сипаттағы туындысы. Қазақ хандығының құрылу тарихы жөнінде нақты тарихи мәліметтерді осы шығармадан алуға болады. 1541-1546 жылдары жазған автордың бұл еңбегі Орталық Азия халықтарының ғана емес, Қазақстан тарихына қатысты хронологиялық жағынан алғанда XIV-XVI ғасырларға жататын тарихи мәліметтерімен маңызды. М.Х.Дулатидің еңбегіндегі XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандығы тарихының құрылу кезеңі туралы мәліметтері – Қазақстан тарихы үшін құнды деректеме. 1465 жылдан бастап Қазақ хандығы тарихта дербес саяси мемлекет ретінде құрылғанын тұңғыш рет автор «Тарих-и Рашиди» еңбегінде жазып қалдырды. XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының мынандай басты оқиғалары аталған еңбекте қамтылған:

1. Қазақ хандығының құрылуы (XV ғ. 40-50 жж. Дешті Қыпшақтың саяси жадауы, Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстан жағдайы, Керей мен Жәнібек хандардың Шу бойында хандық құруы);
2. «Қазақ» сөзінің мағынасы;
3. Алғашқы Қазақ хандығының негізін қалаған жеті хан - Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Таһир, Бұйдаш туралы мәліметтер;
3. XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы және Қасым ханның билікке келуі мен Қасым хан тұсындағы қазақ хандығына сипаттама;
5. XVI ғ. 20-30 жж. Қазақ хандығының әлсіреуі жайында;
6. XV ғ. қазақ-моғол, қазақ-өзбек қатынастары турасында.

XVI-XVII ғасырлардағы Үнді және Орта Азия тарихшылары «Тарих-и Рашидиді» өз еңбектерінде көп қолданған. Мысалы, Үндістанның Европа әдебиетіне белгілі тарихшысы Мұхаммед Қасым Ферште Бадахшан Кашмир уәлаяты туралы жазғанында түгелдей дерлік осы шығармадан алып отырған. Мұхаммед Хайдар Дулат жайында күншығыс елінің ғалымдары да көп жазды. Үндістанның атақты ғалымдарының бірі Ағзам Кашмир өлкесі туралы жазғанына ерекше ілтипат көрсетіп, өзінің «Кашмир тарихы» деген кітабында Мұхаммед Хайдардың әдебиеттегі орнына ерекше баға береді.

Еңбек ағылшын тілінде 1849 жылы (Калькутта) басылып шықты. Қазақ тарихына тиісті бөлімін Ресей тарихшысы Владимир Владимирович Вельяминов-Зернов зерттеп, деректерді 1864 жылы «Қасым хандарының тарихы» атты кітабының екінші томына қосып шығарады. Еңбегінде ғалым «дулат» деген атауды ұстанды. Ол дулаттар туралы: «Дулаттар - ерте тарихи заманнан келе жатқан түрік тілдес ежелгі тайпалардың бірі. XVI ғасырларда қазақ қауымына қосылып, Алтын Емел тауынан Шымкентке дейін қоныстанып отыр», - деді.


Европалықтар «Тарих-и Рашиди» еңбегін Лондонда 1895, 1898 жылдары ағылшын тілінде жарық көрген аударма арқылы оқып, таныды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінің қолжазба нұсқалары Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Үндістан, Пәкістан, Иран, Қытай, Ұлыбритания, Франция елдерінің сирек кездесетін қолжазба қорларында күні бүгінге дейін сақтаулы.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов өзінің әйгілі «Жоңғария очерктерінде» Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі туралы былай келтіреді: «Мұнда автор өзінің жеке басынан өткен тарихи оқиғалары туралы, географиялық және этнографиялық мәліметтер береді».

Қазақ халқының тұңғыш профессоры Санжар Асфендияров ғалым еңбегінен үзінділер аударды. Ал, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1941 жылы жазған «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» мақаласында: «Мұхаммед Хайдар Дулати – XVI ғасырдағы шығыстан шыққан атақты ғалымдардың бірі, оның Орта Азия мен Қазақстан туралы жазғандары бұл реттегі мағлұматтардың ең ұлы арнасына жатады. Оның жазған «Тарих-и Рашиди» – Мұхаммед Хайдардың атын бүкіл дүние әдебиетіне білікті қылған белгілі шығарманың бірі. Оның үстіне қазақ тарихының көмескі кездерін зерттеу үшін «Тарих-и Рашиди» еңбегінің әдебиеттегі орны бүтіндей бір басқа», - деді.



Ә.Х.Марғұлан Мұхаммед Хайдар Дулатиді қазақ халқының тұңғыш тарихшысы ретінде таныстырып, оның еңбегін ғылыми тұрғыда бағалай отырып, алдағы міндет халқымызға түсінікті тілде шығарып, оны халық игілігі жасау қажеттігін баса жазып өтті. Тарихшы Манаш Қозыбаев Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі туралы: «Мырза Мұхаммед Хайдар – тек кәсіби тарихшы емес, ол оның теоретигі, ғылыми негізге салушыларының бірі. Ол тарихи, ғылыми объективтік, диалектикалық байланыс, салыстырмалы кешенді, концептуальды зерттеу принциптерінің негізін қалаған тарихшы. Сондықтан, ол жазған «Тарих-и Рашиди» – тарихи классикалық туынды», – деп баға беруі - оның еңбегінің баға жетпес құндылығының дәлелі.



## «ЖАҒАН НАМЕ» ДАСТАНЫ

М.Х.Дулати «Жаһан наме» атты классикалық шығарманың авторы. Бұл дастанның негізгі тақырыбы адал да таза махаббат. Қолжазбаны Берлин кітапханасынан тауып алып оқып, 1937 жылы неміс тілінде тұңғыш мақала жазған башқұрт ғалымы атақты Ахмет Зәки Валиди Тоған (1891-1970) болатын. Әйтсе де, Берлин кітапханасының қолжазба қорындағы бұл асыл дүние көпке дейін қолымызға түспей келді. Тек, 1994 жылы ғана Мюнхен университетінің оқытушысы Лидия Клетцель ханымның көмегі арқасында «Жаһан наме» автордың тарихи отанына қайта оралды. 1981 жылы Қашқар қаласынан қазақ ғалымы Ахметбек Кіршібаевтан қолжазбаның бір көшірмесін Алматыға алып келген, бабамыздың мұрасын зерттеп, шығармашылығын насихаттап жүрген, дулаттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Әбсаттар қажы Дербісәлі. Әбсаттар қажы Дербісәлі М.Х.Дулатидің «Жаһан

наме» поэмасының ежелгі түркі (шағатай тілінен) Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасын және оны Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасап, сөздікті құрастырып, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, баспаға әзірледі. Поэманы шартты түрде бірнеше бөлімге бөлуге болады. Алғашқы 110 бәйітті шығарманың «Кіріспесі» деуге болады. Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде кейбір көркем дүниелер мақтау, теңеу, мадақтау, кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан намеде» де осы қағида бұзылмаған. Сондықтан дастанның «мақтау» бөлімінде Мырза Мұхаммед Хайдар (1-14-бәйіттерде) жаратушыны жырға қосады. Сонымен, поэманың негізі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады да, 1290 бәйітпен біткен. әрі қарай динамикалы түрде дами бастайды. Әрі қарай 1306-бәйітке дейін Мырза Хайдардың өмір, тағдыр жайлы философиялық толғанысы берілген.

Поэмада сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай, ел өмірі, халық басына қасірет әкелген хандардың зұлымдығы сипатталады. Халықтың тұрмыс жағдайын түзетіп, мемлекетінің шекарасын кеңейтіп, нығайтуға әрекет жасаған, қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіріп, мешіт, медреселер салдырған, орта ғасырлық билеушілер мен хандар туралы мадақтаулар жырда аз кездеспейді. М.Х.Дулат осы уалайатта өткен жастық шағына бірнеше бәйіттер арнаған. Автордың «уалайат» деп отырғаны Орта Азия. Өйткені орта ғасырларда Түркістан, Ташкент, Самарқан мен Бұхара, Әндіжан мен Ферғана секілді шаһарлар бар аймақ «уалайат» деп аталғаны тарихи деректерден мәлім. М.Х.Дулатидің «Жаһан наме» шығармасы әлем әдебиеті жауһарларының бірі.

<http://www.tarsu.kz/kz/biografiya.html>



## Мұхаммед-Хайдар Дулати

Мұхаммед Хайдар Дулати  
Дулат Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар (1499-1551) - әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» кітабы мен «Жаханнама» дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Оның толық аты-жөні – Дулат Мұхаммед Хұсайынұлы Мырза Мұхаммед Хайдар. Мұндағы «Мұхаммед Хайдар» - өз аты, «Мұхаммед Хұсайын» - әкесінің аты, «мырза» - текті әулеттің тұқымы екенін білдіретін атау (хан балаларының ханзада, сұлтан аталатыны секілді), «дулат» - шыққан тайпасының аты.

Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары кезінде Моғолстан мемлекетінің құрамына енген қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан және Шығыс Түркістан жерлерінде ұлысбегі, тархан қызметтерін атқарған, өздерінің мұрагерлік иеліктері – Маңлай-Сүбені дербес басқарған. Өз әкесі Мұхаммед Хұсайын Моғолстанның Жүніс ханының күйеу баласы, Ташкентті билеген. Оны кейін Әмір Темірдің немересі Мұхаммед Шайбани хан өлтірген. Анасы Хуб-Нигар ханым – Жүніс ханның қызы. Бұл ретте Мұхаммед Хайдар Моғолстанның Сұлтан Саид ханмен және Үндістандағы баласы Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захираддин Мұхаммед Бабырмен бөле. Әкесі өлгеннен кейін Мұхаммед Хайдар біраз уақыт осы Бабырдың қолында тұрады. Содан кейін Бабырдың рұқсатымен Сұлтан Саид ханға келіп, оның Қашқардағы сарайында тұрып, сарай қызметін басқарады. Саид ханның Әбубәкірге қарсы соғыстарына қатысады. Жан-жақты білімді, сарай қызметін жетік білетін адам ретінде ханның мұрагер баласы Әбу ар-Рашид сұлтанның тәрбиешісі болады.

Сұлтан Саид өлгеннен кейін таққа отырған Рашид дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қуғындай бастайды. Мұхаммед Хайдардың немере ағасы – Саид Мұхаммедті өлтіреді. Осыдан кейін өз басына қауіп бұлты үйіріліп келе жатқанын сезген Мұхаммед Хайдар Үндістанға қашады. Ол мұнда ұлы Моғолдар сарайында әскербасы болып, Кашмирді жаулап алу соғысына қатысады. Жаулап алғаннан кейін Ұлы Моғолдар атынан біраз уақыт Кашмирді билеп тұрады. Ол осында өзінің атақты еңбегі «Тарихи Рашидиді» жазуға кіріседі.

Күншығыс әдебиетінің іргелі салаларын ақтарып отырсаңыз, Мұхаммед-Хайдардың кім болғаны, оның адамшылық тұлғасы көз алдыңызда суреттеліп, бұл кісіде сол кездегі Мір Әлішер Науаи, Бабыр сияқты Орта Азия көлемінен шыққан атақты данышпан, ғалым жазушылардың бірі екенін көресіз. Бұл кісінің сәулетті даңқын дүние жүзіне әлпештеп таратқан, әсіресе, оның парсы тілінде жазылған “Тарихи Рашиди” деген кітабы болды. Бұл кітап бүгінде барлық мәдениетті елдердің тіліне аударылып, мәңгі өшпейтін дүние жүзілік әдебиет мұрасының бірі болып отыр.

Мұхаммед-Хайдар туысы жағынан ұлы жүз дулаттардан тарайды. Академик В.В. Вельяминов-Зерновтың анықтауынша: Мұхаммед-Хайдар дулат руынан, текті атадан. Дулаттар тарихи заманнан келе жатқан түрік нәсілдес көп тайпалардың бірі. XVI ғасырларда қазақ қауымына қосылып, Алтын Емел тауынан Шымкентке дейін қоныстанып отыр дейді. Шоқан Уәлихановтың жазуынша, Мұхаммед-Хайдар – дулат руы Болашы бидің ұрпағы. Дулат руы ол кезде атақты рулардан болып, Қашқар хандары әйелді осы рудан алатын болған. Мұхаммед-Хайдардың өз әкесі – Мұхаммед Хұсайын Жетісу, Шу өзені, Талас бойын мекен еткен дулаттар ортасында туып-өсіп, оның ел билеген атақты адамдарынан саналған. Қазақтың Қасым ханы мен өзбектің Шайбани ханы Алтын Ордадан қалған мұра – Сырдария бойындағы қалалар үшін жауласып жүргенде, Хайдардың әкесі – Хұсайын, оның ағасы – Мұхаммед Қайсар, дулат биі – Сұлтан Ахмет – барлығы дулат руының тума бектері аталған қолбасылар. Олар бір жағынан Ферғанадағы Бабырға күш берсе, екінші жағынан Қасым ханды қолдап, өзбек Шайбани ханға қарсы тұрады. Хайдардың әкесі Хұсайын көрген ол кезде өзінің қайын атаса Моғұлстан ханы Жүніс ханның мезгіл-мезгіл Ташкент пен Ұратөбе қаласын басқарады. Осы кезде келешектегі жазушы Мұхаммед Хадар келеді. Тегінде ұлы жүз үйсін, дулаттардың не шанышқылының Ташкент қаласын басқаруға қатынасуы тарихта аз болмаған. XVII-XVIII ғасырларда олардың беделі бұл қалада аса зор болған, ең соңғысы Төле бидің өзі көп өмірін осы қалада өткізіп, бірталай естелік қалдырған, өзі өлгеннен кейін денесі де сол қалада жерленген.

Жетісудың ол кездегі саяси аты Моғұлстан болса, оны мекендеген тайпаларды ресми тілде Моғұл деп атады. Бірақ бұл Моғұл деп отырған көшпелі тайпалар-моңғол да, ұйғыр да, өзбек те емес, түрік тілінде сөйлейтін сол жердің тарихи заманнан бері келе жатқан тұрғын халқы болатын. Екінші түрде айтқанда моғұл деп атаған елдер кейін ұлы жүз құрамына кірген үйсін мен дулаттар, қаңлы мен шанышқылы, жалайырлар. Бұларды біріктіріп, саяси тіршілік ретінде не моғұл, не



дуғлат деп атағандығы байқалады.

Дұрысында бұл моғұлдарды шағатай ұлысынан бөлініп шыққан сол кездегі қазақ тайпаларының (ұлы жүздің) бірінші саяси одағы (бірлігі) деуге болады. Кейін Алтын орда үкіметі ыдыраған кезде Керей мен Жәнібек (Әз-Жәнібек) соңына ерген қыр қазақтарымен Моғұлстанға келіп, ұлы жүз тайпалары үйсін, дулаттан көп күш алып, шу өзені бойында Қазақ хандығын құрады.

Осы кезде Моғұлстан үкіметі де кеңейіп, күшейеді. Өйткені, оның құрамына енді қашқар уәләяты да қосылады. Моғұлстанның билігі толғынан Қашқар жұртына ауысқанда, XVI ғасырдың 30 жылдары, Рашид ханның заманындағы жүз тайпасы, оның ішінде дулаттар Моғұлстан бөлініп, Қазақ хандығына қосылады.

Дулаттар әлі күнге сол тарихи қонысында тіршілік жасап, қазақ халқының бір іргелі бөлігі болып отыр. Ол кезде Дуғлат, бүгінде дулат аталуында еш қайшылық жоқ. Бұл сол тарихи дұғлаттардың кітапта дұғлат аталып, халық аузында дулат аталуы ғажап емес. Өйткені өткен ғасырдағы кітап тілінің әсерімен Абайдың өзі де көп сөздерді солай жазғандарын мұра етіп, Орта Азия халықтарымен бірге мақтаныш ететін, оның тікелей ұрпағы – қазақтың ұлы жүз тайпасы оның ішінде дулаттар.

Тарихи жазулардың бірде-бірінде Мұхаммед Хайдардың нақтылы қай жерде туғаны көрсетілмеген. Бірақ бұл мәселені өзге мәліметтерімен анықтауға болды: біріншіден, оның әкесі Хусайынның тіршілік жасаған орындары арқылы, екінші, анасы Хуб Нигар-ханымның болған жерлері арқылы. Бұлардың екеуінің де тұрғылықты орындары Ташкент қаласының төңірегі болған. Әкесі Хусаин Қасым-ханмен бірге Шайбаниға қарсы соғысқанда, осы Ташкент маңында қаза тапты. Сондықтан Мұхаммед – Хайдар осы Ташкент төңірегіндегі туған облуы керек. Мұхаммед-Хайдардың анасы Хубнигар-ханым – Шағатай ұрпағы. Моғұлстан ханы – Жүнісханның қызы. Ол Ташкент қаласын билеп, Алмалыққа дейін басқарған. Хайдардың жазуынша Жүнісхан – көшпелі руларды отаршылыққа айналдырып, қала салу ісімен шұғылданған кісі. Дегенмен, Жүністің өзі де жаз күні жайлауға шығып, Арыс, Бөген, Шаян, Қаратауға дейін жайлап, көшпелі тайпалармен аралас отырады. Жүністің екі баласы – Ахмет-Алаша мен Мұхаммед қазақ қауымның бірігінуіне көп күш жұмсаған кісілер тобына кіреді.

Махмұд-Хайдардың шешесімен бірге туысқан Жүністің бірнеше парасатты қыздары болған. Оның бірі – Құтлығ Нигар ханым – атақты жазушы Бабырдың шешесі. Екіншісі – Сұлтан Нигар ханым – қазақ ханы Әдіктің бәйбішесі. Демек, бұл қарым-қатынастың барлығы Мұхаммед-Хайдарға бала күнінен таным болмаса, ол “Тарихи-Рашиди” кітабын да сондайлық жылы, сондайлық ашық жаза алмас та еді.

Хайдардың жазуынша Сұлтан Нигар-Ханым өз күйеуі Әдік-сұлтан өлгеннен кейін Сыр бойында соғыс жиі бола берген соң, қырда тұра алмай, Қашқардағы туыстарына кеткісі келеді. Өзінің өгей баласы сол кездегі қазақтың ханы Тайырға арыз етіп, “Мен болсам қартайдым, Маураннахр мен рашид, қыпшақ арасы әлі түзелер емес. Қалған өмірімді қалада өткізейін, мен қашқарға апарып, Сейітханның қолына табыс ет ” дейді. Бұл кезде Сұлтан Нигар – ханымның қалған төркіні тегісімен Ташкент, Түркістан төңірегін қалдырып, Қашқарға барғаны байқалады. Кейін олардың соңын ала жетім қалған Мұхаммед-Хайдар да нағашысының қолына барады. Бұл жерде айтылып отырған Қашқар ханы Сейіт жоғарыда көрсетілген Жүніс ханның немересі, сұлтан Нигар ханымның ағасы Ахметтің баласы.

1526 жылы Сейіт пен қазақ ханы Тайыр араздаса бастағанда, сұлтан Нигар-ханым бұл екеуінің арасына бітім айтады. Екі ханның екеуі де (бірінің апасы, бірінің шешесі) бұл кісінің сөзіне бас иіп, татулыққа келеді. Мұхаммед-Хайдар бұл туралы былай дейді: “Хан Қашқардан шығып, Қошқар келеді. Бұл жерге мен де келдім. Маған айтты: сен Қашқарға бар да апайды алып кел, Тайыр ханмен екеумізді татулыққа келтірсін.” Әдік ұлы Тайыр ханның ол кезде аузынан жалын шығып тұрған еді.

Бұрынғы Моғұлстан қырғызды, үйсін, дулатты өзіне қаратып, қырғыз бен қазақты бірдей меңгеріп тұрған еді. Міне, осы уақиғаның ашық суретін біз бір ғана Хайдардың “Тарихи Рашиди” кітабынан көреміз. Бұл суреттер, біріншіден, Мұхаммед-Хайдардың туып-өскен ортасы кім екенін білдірсе, екіншіден, оның ол ортаны сондай жақсы біліп, оны кейінгі заманға мұра етіп қалдырғанын көреміз.

Мұхаммед Хайдар халық ортасында көбінесе Мырза Хайдар деген атпен даңқты болған. Оған қосымша лақабы Көреген, Мырза Хайдар – Көреген. “Көреген” – ескі моңғол – түрік тілдерінде күйеу деген сөз. Орта ғасырларда хан қызын алып, ел басқарған би батырларға “көреген” деген лақап беретін болған. Мағынасы ел басқартын ханның күйеуі. Бірақ ханның өзі емес. Бұл лақапты Хайдардың өз әкесі Хұсайын да, Әмір темірдің өзі де, тағы басқаларда тағынған. Лақап атынан басқа, жазған кітаптарында Хайдар өзінің қай рудан екенін білдіру үшін ресми атын Мұхаммед - Хайдар Дұғлати деп жазған. Демек, ол шыққан руы дулат елі екенін көрсетеді.

Мұхаммед Хайдардың шыққан ортасы дұғлаттары екенін Хайдардың өзінен бастап басқа жазушылар да келтіріледі. Мәселен, Орта Азияның атақты тарихшыларының бірі Хафиз Таныш өзінің “Абдулла-нама” деген кітабында Әбілхайыр ханның баласы Беріш-ұғланды Жәнібек пер керей ханы қалай өлтіргенін, дұғлат Хайдар мырза осылай жазады дейді. Осындай сәл ескертулердің өзі де Хайдардың қазақ қауымының жүйрік, білгір, жеке дара адам екенін көрсетіп, оның қазақ қауымына аса жақын болғандығын дәлелдейді. Мұхаммед-Хайдар шыққан дулат тайпасы өз заманындағы ұлыстардың алдыңғы қатарында болып, Моғұлстан кезіндегі саяси тіршіліктің ну ортасында болған.

Дұғлат тайпасынан XV – XVI ғасырларда бірнеше атқты адамдар шықты. Олар: Әмір Темірдің Моғұлстанды жаулауына қарсы тұрған белгілі Қамаридтен, Болашы, Түлек, Жорас деген кісілер. XV-XVI ғасырларда бұлардың аталары шағатай мемлекеттің үлкен астанасы Алмалық маңында болып, оларға қызмет етті. Алмалаық – Жетісудағы ең үлкен қала. Сауда мен мәдениеттің, саяси тіршіліктің қайнаған ортасы болды. Хайдардың арғы аталры Дұғлат Бауырты, оның баласы Болашы Шағатай ұрпағы Есенбұқа мен Тұғлық-Темірге қызмет істеп, моғұлстанның атақты билерінен болған. Бұл екеуі де Тұғлық-Темір дәуірінде Алмалық қаласы төңірегінде жасап, дәфенделген Тұғлық-Темірдің әдемі күмбезі осы күнге дейін, сол ескі Алмалық қаласының өзінде, қазіргі Коркос төңірегінде сақталғаны байқалады.

XIII – XIV ғасырларда Шағатай хандары мен Дұғлат билерінің жаз күні жайлаған жері – Іле өзенінің бойы, Ақкент деген жер. Қазіргі Жаркент (Панфилов) қаласына жақын тұрған. Хайдар атларының тұрақты қонысы – осы Алмалық қаласының Жетісу өңірі. Өзге дулаттар Алмалықтан Ташкентке дейін созылып отырған. Бұл ара – ұлы жүз тайпаларының ескі дәуірлерден XIX ғасырларға дейін мекен еткен жері. Тарихи жешілердің көрсетуінше Дұғлат Болашы би XIV ғасырдың бірінші жартысында жасаған кісі. Болашы би мен Хайдардың арасында 6-7 апта өткен. Хайдардың түп атасы – Болашы Шағатай ұрпағы есенбұқа мен оның баласы Тұғлық темір заманында билік құрған кісі.

Мұхаммед Хайдар Қашқар уәлаяты (Моғұлстан) мен Қазақстан туралы жазған тарихи кітабын Шағатай ұрпағы (Моғұлстан) мен Қазақстан туралы жазған тарихи кітабын Шағатай ұрпағы, Есенбұқа мен Тұғлық-Темір тұқымы, Жүніс хан, Сұлтан Ахмет және Сейіт хан баласы Рашид сұлтанға арнап, кітабының атын “Тарихи Рашиди” деп атайды.

Мұхаммед Хайдар 1499 жылы Ташкент қаласының төңірегінде туады. Оның әкесі Мұхаммед Хұсайын – Дұғлат Бауырты мен Болашы бидің тұқымы. Ол қазақ ханы Қасым мен бірігіп. Шайбани ханмен жауласып, жүргенде, 1508 жылы Шайбани әскерінің қолында өледі. Сегіз жасар Хайдар әкесінен жетім қалып, үш-төрт жылдай өзінің бөлесі, атақты жазушы Бабырдың қолынан тәрбие алады. 13 жасқа жеткенде, Хайдар өзінің тума нағашысы Жүніс ханның немересі, атақты Сұлтан Ахмет-Алаша ханның баласы Қашқар өлкесін билейтін Сейіт ханның қолына келіп, рның қарамағында әрі би, әрі әскер басы болып болып қызмет атқарады. Сейіт хан өлген соң, оның баласы Рашид сұлтанға уәзір болып істейді, бірақ Мұхаммед – Хайдар рашид сұлтанмен келісе алмай, қйыра Бабырдың балалары Қарман мен Ғұмайынның қасына барып, олар арқылы Қашмир уәләтын басқаратын болады. Сөйтіп кашмир өлкесін басқарып тұрғанда, 52 жасында сол жерде дүние салады.

Мұхаммед Хайдар – XV ғасырдың алғашқы жартысында жасаған Бабыр сияқты Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан білгіш, майталман кісінің бірі. Ол бөтен нәрсеге көңіл бөлмей, бір ғана кітап оқып, өлең шығарып, сурет салу ісімен айналысады, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерімен шұғылданады. Шемберлік ісінде ол бармағынан бал тамған ісмер, сұлулық дүниесін жанымен сүйетін хас шебердің өзі болады. Қырнау, безеу, ою өрнек өнерін тіпті асқарлы түріне жеткізіп, оның шын мағынасында сұлулық қазынасы - өнерге айналдырған. Онымен бірге Хайдар өзінің ойға жүйрік, майталман, сзге шебер, ерекеше саңлақ болуымен халық ортасында даңқты болады. Өзінің айтуынша: “халқпен кішіпейіл болып марқаласуды (кеңесуді), олардың алдыңғы әдепті, мәйін болуды, соғыс үстінде қырағы болуды, атқыш мергендікті, тағы басқа өнер түрлерін үйренуде мен нағашым Сейіт ханның Шәкірті ғана едім” деп, өзінің қойдан қоңыр, кішіпейіл мінезін тағы да сипаттайды. Хайдардан басқа біреу болса, әрине, буға пікісіп, “мен-мен!” деп, кеудесін соғар еді. Оның жазған тарихи шығармалары, көркемөнер, поэзия туралы жазғандары кейінгі жазушыларға зор әсер етіп отырды.

Мұхаммед Хайдардың адамшылық қасиеті туралы Бабыр былай дейді: “Хайдардың әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол менің қарамағыма келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап, Қашқардағы Сейіт ханға кетті. Не нәрсе болса да, өзінің шыққан тегіне (асылына) тартатын әдеті ғой, мәселен, сап алтын да, күмісте, қорғасын да тегіне тартпай ма! Жұрттың айтуынша ол бұрынғыдан көп есейіп, жақсы жолға түскен. Өзінің қолы әр нәрсеге шебер, оның қолынан келмейтін іс жоқ: ол әрі жазушы, әрі суретші, онымен бірге садаққа оқ жасап, оның жебелерін өзі



істейді. Бір жағынан дарынды (құйылма) ақын. Маған бірер жазу келген еді, әлпеті еш жаман емес. ” Кейін есейіп ер жеткен шағында Мұхаммед Хайдар шын мағынасында Күншығыстағы даңқты адамның бірі болып, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиетіне, оның тарихына зор үлес қосады.

Күншығыс халқын зерттеуші ғалымдардың айтуынша Мұхаммед-Хайдардың атын жоғары көтеріп, оны жұртқа танытқан, әсіресе, оның “Тарихи-Рашиди” атты кітабы болды. Бұл шығарманың Күншығыс жазушыларына берген әсері сонша еді, олар мұхаммед-Хайдардың тарихи жазуларына ерекше баға беріп, оның кейбір жерлерін өздерінің жазған кітаптарында пайдаланып отырады. XVI – XVII ғасырлардағы Үнді мен Орта Азия тарихшыларынан Мұхаммед – Хайдардың “Тарихи-Рашиди” кітабын пайдаланбағандары кем де кем-ақ. Оның ішінде Үндістанның Европа әдебиетіне белгілі тарихшысы Мұхаммед-Қасым Ферште Бадахшан, Қашмир уәләйти туралы жазғанында, оның мағлұматын бір ғана “Тарихи-Рашиди” кітабынан алады, Мұхаммед-Қасымның айтуынша “Тарихи-Рашиди” – Орта Азия тарихы туралы жазылған шығармалардың ішінде ең мағыналысы және мағлұматтың ең дұрысы, ең толығы болып санлған.

Мұхаммед Хайдарды оқыған күншығыс ғалымдарының ол туралы жылы сөз айтпай қалған бірде бірі жоқ. Үндістанның атақты ғалымының бірі – Ағзам. Ол Мұхаммед-Хайдардың Қашмир өлкесі туралы жазғанына зор қуаныш көрсетіп, өзінің “кашмир тарихы” деген кітабында Мұхаммед-Хайдардың әдебиеттегі орнына ерекше баға береді. “Мұхаммед-Хайдар күншығыс ғылымның терең білген данышпан еді оның үстіе ол қаламынан сөз құйылған талантты ақб болды. Оның “Тарихи Рашиди” кітабы болған оқиғаны төндіре айтуда ең инабатты шығарманың бірі” дейді. Ол сол кездегі саяси оқиғалар мен оған қатысқан қайраткерлерді, сондай-ақ Моғолстан мемлекетінің, Қазақ хандығының өткен тарихын жақсы білген. Оның тікелей өзі куә болған жайлары да көп еді. Содан да болар ол орта ғасырдағы қазақтарға, әсіресе дулат тайпасының тарихына қатысты өте құнды материалдар береді. Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы, одан кейінгі кезеңдері, олардың қырғыздармен, өзбектермен қарым-қатынасы, көрші елдермен жайында кеңінен сөз болады. Әсіресе ғалымның өз заманы, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуы, бұл Орданың қалыптасуы кезеңіндегі ОА-дағы саяси оқиғалар туралы егжейлі-тегжейлі мәліметтер берген деректері аса құнды болып отыр. Оның тарих саласындағы құнды еңбектері арқылы біз Ұлы ғалымды қазіргі Қазақ тарихы ғылымының бастау кездерінің бірі және ұлттық тарихтың негізін салушы ретінде танимыз.

Оспанова Марина

<http://www.tarsu.kz/kz/video/item/5049-zhizn-i-tvorchestvo/5049-zhizn-i-tvorchestvo.html>

### **Мұхаммед Хайдар Дулати – атақты тарихшы, дарынды қолбасшы**

Мұхаммед Хайдар Дулати ғылым мен мәдениетке қосқан үлесінен басқа, өзін батыл жауынгер әрі тәжірибелі басшы ретінде де көрсете білгенін ұмытпауымыз керек Мұхаммед Хайдар Дулати – тарих, география, этнография, әскери іс сияқты ғылым салаларын зерделеген әйгілі ғалым. Бұдан басқа ол екі рет Кашмирді бағындырған, жауының сағын сындырып отырған талантты қолбасшы да болған. Оның әйгілі «Тарих-и Рашиди» кітабына Қазақ хандығының қалыптасу кезеңдері туралы мәліметтер енген. Мұхаммед Хайдар Дулати ғылым мен мәдениетке қосқан үлесінен басқа, өзін батыл жауынгер әрі тәжірибелі басшы ретінде де көрсете білгенін ұмытпауымыз керек. Тек бейбіт уақытта ғана ол әскери кәсібін қойып, өз еңбектерін жазумен айналасуға мүмкіндік алды. Хайдар Дулати Моғолстан мемлекетінде, қазіргі Шығыс және Оңтүстік Қазақстан территориясы, жаугершілік әрі аумақтық шекаралар үнемі ауысып тұрған заманда, 1499 жылы өмірге келген. Мырза Хайдар текті әулеттен шыққан, оның ата-бабалары беделді құсбегі лауазымын атқарған. Олар өз елінің саясатына араласып, Моғолстан тағына үміткерлерге және сайланып қойған басшыларына да ықпал ете алған. Өздеріне көрсеткен қолдауларына разылықтары ретінде Шыңғыс тұқымы XIII ғасырда Дулатидің ата-бабасына қазіргі Қашқар жерін тарту етеді. Әулет мүшелерінің арасында билік үшін күрес туындаған шақта Мырза Хайдардың атасы туған жерін тастап кетуге мәжбүр болады. Дулати әулеті Орталық Азия аумағына келеді. Осы жерде Мырза Хайдардың әкесі – Мұхаммед Хұсайын 1492 (1493) жылы Моғолстан билеушісі Жүніс ханның үшінші қызы Хұб Нигар ханшайымды әйелдікке алады, ал 1499 жылы Мұхаммед Хайдар Дулати дүниеге келеді. Ол әке-шешесінен ерте айырылады. Мұхаммед Хайдар Дулати шамамен бір жарым жаста болған кезде шешесі қайтыс болса, 1508 жылы өзбек-шейбанидтердің

шабуылы кезінде әкесі қаза табады. Мырза Хайдар біршама уақыт өзінің бөлесі, кейіннен әйгілі ойшыл, қолбасшы, Үндістандағы моғолдар әулетінің негізін қалаушы Мұхаммад Захир ад-дин Бабырдың үйінде тұрады. Кейінірек Дулати Андижанда тұрады. Бұнда Жүніс ханның немересі Әбу Саид-хан Хайдар Дулатидің әпкесі Хабиба Ханишқа үйленеді, ал өзінің қарындасын Дулатиге тұрмысқа береді. Осылайша, Хайдар Дулати көреген – хан әулетінің күйеу баласы болады. 1514 жылы Саид хан Әбу Бәкір Дулати Қашқардан билікті тартып алып, Қашқар хандығының негізін қалайды, астанасы Жаркент болады. Бұл жерде Хайдар Дулати 18 жылға жуық тұрып, білім алып, әскери салада қызмет етеді. 1524-1525 жылдары қазіргі Қырғызстанның оңтүстігіне, 1527-1528 жж. – Кафиристанға (Кәпірстан), 1529-1530 жж. – Бадахшанға, 1532-1533 жж. – Балтистан, Балур мен Кашмирге жасалған жорықтарға қатысады. Кашмир оған зор әсер етеді. Мырза Хайдар ол жерде әскери стратегиялық тапсырмамен жүрсе де, сол аймақты жіті бақылап, кейін сол бақылауларын өз еңбегінде қолданады. «Тарих-и Рашиди» еңбегінде ол өлкенің тарихын, табиғатын, дінін, жергілікті халқын, олардың салт-дәстүрлерін, архитектурасын егжей-тегжейлі жазады. Қалада және қала маңында қарағай мен сауырағаштан көптеген тамаша ғимараттар салынған, олардың көпшілігі бес қабатты. Әр қабатта тұрғын бөлмелер, террасалар, балкондар мен ғажайып тамаша есіктері бар – қанша талпынып-тырыссаң да, олардың бәрін сипаттап айтып беру мүмкін емес... Алмұрт, қара ірі тұт, қызыл шие, шиеден басқа бұл жерде басқа да ғажайып жемістер өседі, әсіресе, алмалары керемет. Онда жемістердің көптігі сонша, олар барлық тілегінді орындай алады. Қолбасшы жаңа территорияларды жаулап, Кашмирге тереңдеп ене берді. Бірақ, отрядта аяқ астынан бүлік шығып, Хайдар Дулатидің күштерін әлсіретіп тастайды. Соның нәтижесінде ол кашмирліктермен бейбіт келісім жасауға мәжбүр болады. 1533 жылдың шілдесінде Тибетке жасаған жорығынан қайтып келе жатқан жолда Саид хан қайтыс болады. Таққа мұрагерлік жолмен оның ұлы Әбу ар-Рашид отырады. Өз бәсекелестерінің көзін жоя бастаған Әбу ар-Рашид, Саид Мұхаммед Хұсайын мен оның отбасын жауыздықпен қырып тастайды. Бұны естіген Хайдар Дулати Жаркентке қайтпауға шешім қабылдайды, өйткені өзін де дәл осындай сыбаға күтіп тұруы мүмкін еді. Ол біршама уақыт Тибетте, Балтистанда, Ладакта тұрып, ол жақтан Бадахшанға көшіп барады да, кейін Кабулға ауысады. 1536 жылы ол Бабырдың балалары – Қамран мен Құмайынды іздеп Үндістанға сапар шегеді. 1540 жылы Хайдар Дулати Құмайынмен бірге қайтадан Кашмирге аттанады. Мырза Дулати Кашмирге билік жүргізеді, бүліктерді басып, дұшпандарының шабуылдарына тойтарыс бере отырып, өз позицияларын нығайтады. 1549 жылы ол Үлкен және Кіші Тибетке, сонымен қатар, оңтүстік Кашмирдің бүлікшіл аудандарына жорыққа шығып, бұл жерлерді бағындырады. Олар Кашмирдің құрамына кіріп, Хайдар Дулатидің үзеңгілестері осы жерлерге наменгер болады. Кашмирдың қиыр оңтүстігіндегі Бхирбал провинциясын Махмұд мырзаның немересі болып саналатын Қара Бахадүр билейді. Мырза Дулатидың айтуынша, Мырза Махмұд – Мұхаммад Хұсайынның ағасы Саид Мұхаммадтың баласы. Яғни, Қара Бахадүр – Хайдар Дулатидың немере інісі. Мырза Дулатидің қарсыластары оған қарсы қастықтарын жалғастыра берді. Олар Ладак пен Балтистанға, Пакли мен Раджауриге жасалған жорықтарда моғолдарға қарағанда кашмирлік сарбаздар көп өлді, ал елді, шындығында, жергілікті тұрғындарды – кашмирліктерді ығыстырып тастап, басқыншының жерлестері ғана билеп отыр деген сияқты өсек-аяң тарата бастайды. Ақырында моғолдар мен кашмирліктер арасындағы шайқас кезінде Хайдар Дулати қаза табады. Мұхаммед Хайдар Дулати өліміне қатысты бірнеше нұсқа бар. Сол нұсқалардың бірі оның сенімді наменгері Қара Бахадүрмен байланысты. XVI ғасырдың ортасында чактер Хайдар Дулатиге қарсы бүлік шығарып, оның әскерінің бір бөлігін Тибеттегі, бір бөлігін Паклидегі, енді бір бөлігін Раджауридегі бүлікті басуға шоғырландыру арқылы оның қуатын әлсіретеді. Бүлікшілердің басында Қожа қажы тұрды, ол кезінде Мырза Хайдардың іс басқарушысы болған, бірақ, кейін билеушісін сатып кетеді. Ханпура елді-мекенінде дұшпандар Мырза Хайдарға шабуыл жасап, оны мәмілеге келуге мәжбүр етеді. Ол бүлікшілерге тұтқынға түскен Қара Бахадүрді босату туралы келіссөздер жүргізуді бастайды. Келіссөз кезінде оған Камал Дуби шабуыл жасап, өлтіреді. Басқалары, Мырза Хайдарды оның өзінің жеке қызметшілерінің бірі сатқындық жасап, садакпен атып өлтірді деген нұсқаны ұстанады. Хайдар Дулатиді өзінің кирасирі Шах Назар байқаусызда өлтіріп алған деген теория да кең таралған. Бүлікшілерге қарсы шайқас Ханпурада басталуы керек болған. Мырза Хайдар мен




оның жанындағылар бұталы талдың астына жасырынады. Айналаны көзге түртсе көргісіз қараңғылық басқан, бірақ Дулати мен оның отряды Қожа қажы паналаған жерге қарай жылжиды. Жауын аттым деп ойлаған Шах Назар өзінің мырзасын атып салады. Моғол мен кашмирліктер арасында Мырза Хайдардың өлімі туралы хабар тарағаннан кейін, моғолдар Индаркотқа қашады, ал кашмирліктер сондарына түседі. Олар біраз уақыт шабуылдарға төтеп беріп отырғандарымен, ұзаққа шыдай алмас еді. Сол кезде Хайдар Дулатидың жесірі моғолдарға былай деген екен: «Мырза Хайдар болса, енді жоқ, сондықтан кашмирліктермен бітімге келген дұрыс болады». Кашмирліктер моғолдарды қудаламауға сөз береді, бірақ, қала қақпасы ашылысымен-ақ, қалаға баса-көктей кіріп, Мырза Хайдардың қазынасын тонап, барлық құнды заттарды талан-таражға түсіріп, тасып әкеткен. Ал, елді кашмирлік қолбасшылар өзара бөліп алады. Даңқты қолбасы, еңбектері бүгінгі күні зор маңызға ие ғалымның өмірі 1551 жылы үзілді. Мақаланы дайындаған кезде шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Ислам – бейбітшілік пен жасампаздық діні» кітабынан материалдар қолданылды

Автор: Алтынзер Даулетбаева

Источник: <http://e-history.kz/kz/publications/view/3998>

© e-history.kz

### Жақсыдан қалған жәдігер шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі және «Жаһан наме» дастаны



**Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,**  
филология ғылымының докторы,  
М.Х.Дулати атындағы ТарМУ профессоры

XX ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысында Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің мұрасына елімізде кең көлемде бетбұрыс жасалып, көптеген ғалымдар назар аударып, белсенділік таныта бастағанда, ең алдымен, ол кісі мемлекет қайраткері, атақты тарихшы деп қабылданып, «Тарих-и Рашиди» еңбегіне баса көңіл бөлінді. Бұл орынды да болатын. Ғалым бабаның жарқын істер мен күреске толы ғибратты өмір жолын, тағдыр-талайын, шығармашылығын, оның ішінде әйгілі «Тарих-и Рашиди» еңбегінің мән-маңызы мен жазылу тарихын, әлемдік тұрғыдан зерттелуі мен өзге тілдерге аударылуын, сондай-ақ Орта Азия және қазақ халқының тарихындағы орнын зерделеу, тану бірінші кезекте тұрды. Бұл ретте М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың тұрақты өткізілуі үлкен ұйымдастырушылық маңызға ие болды. Дегенмен, алғашқы конференция (1997) жұмысынан бастап, Дулатидің мұрасын өзге ғылым салалары философия, педагогика, психология, әскер өнері, тағы басқа тұрғыдан зерттеумен қатар, әдебиеттану ғылымы тарапынан зерттеу жұмысы да қолға алынды. Сөз жоқ, оның көшбасында шығыстанушы ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Әбдісаттар Дербісәлі тұрғаны анық.

Ол бірінші конференцияда «Мұхаммед Хайдар Дулати және оның «Жаһан наме» поэмасы» деген тақырыпта баяндама жасаса, 1998 жылдың 9 желтоқсанында Дели қаласында Үндістан тарихы ғылымдар жөніндегі Ғылыми Кеңесі мен осы елдегі Қазақстан елшілігінің ұйымдастыруымен М.Х.Дулати өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми семинарда «Мұхаммед Хайдар Дулати және тәуелсіз қазақ елінің әдебиеті мен мәдениетінің мәселелері» атты баяндама жасады. 1999 жылы ұлы бабаның туғанына 500 жыл толуына орай мамыр айының 23-30 аралығында қазақ

делегациясы құрамында Үндістан жеріне барып, Кашмир өлкесінің бас қаласы Сринагардағы «Мазар-и Салатин» қабырстанындағы зиратына туған жер топырағын жеткізушілердің бірі болды. Мұндағы зиялы қауымның бас қосуында Мырза Хайдар зиратына екі ел бірлесіп ескерткіш белгі қою, Үндістанның кітапханалары мен қолжазба қорларындағы Дулатиге қатысты дүниелерді аударып, зерттеу, жариялау, бірлесіп конференция өткізу мәселелері туралы ұсыныс жасайды және ұлы ақынның әдеби мұрасы жайлы ойларын ортаға салады. Профессор Әбдісаттар Дербісәлінің 1999 жылы М.Х. Дулати қоғамдық қорының қолдауымен «Мұхаммед Хайдар Дулати. Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық» атты кітабының шығуы, біздіңше, ұлттық дулатитану ғылымы саласындағы зор жемісті еңбек болды. Бұл жөнінде толық ой-пікірді «Дулатитаным тұңғы» атты мақаламызда білдірдік. Дулатитануға алғашқы болып қалам тартқан қазақтың тұңғыш ғалымы, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың, академик Әлкей Марғұланның мақалаларының орны ерекше. Қазақ елінің тарихын зерттеуде С.Аспендияровтың М.Х. Дулати еңбегіне сүйенгені айтылады. Өзге де қазақстандық көптеген ғалымдар тарихи зерттеулерінде ұлы баба еңбегіне сүйенді. Дегенмен, ғалым Әбдісаттар Дербісәлінің өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалығының жарық көруі дулатитанудағы еліміздегі жаңа бетбұрысты кезеңнің басы болды. Бұл кезде 1996 жылы орыс тілінде тәржімаланып Ташкентте жарыққа шыққан «Тарих-и Рашидидің» 1999 жылы Алматыда «Санат» баспасынан екінші басылымының қайта жариялануы, тағы басқа ізденістер қазақстандық ғалымдардың белсенді ізденісінің айғағы еді. Шығыстанушы ғалым, ақын Ө.Күмісбаевтің «Дулати және оның әдеби ортасы», профессор Ж.Дәдебаевтің «М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасы – қазақ тарихи прозасының байырғы үлгісі», профессор Н.Омашевтың «Ұлы ғұламадан ұлағат» атты тақырыптарында жасалған баяндамаларында кейінгі зерттеулерге негіз болатын байыпты ғылыми тұжырымдар айтылды.

Бұл ретте профессор Ә.Дербісәлі алғашқылардың бірі болып «Тарих-и Рашиди» еңбегінің әдеби сипатына көңіл аударып, ғылыми дәлелді, байыпты пікірлерін ортаға салды. «Ал «екінші дәптердің» тарихи-мемуарлық сипаты басым. Мұнда ол өз өмірбаянын тілге тиек еткен, әрі оны «бірінші дәптерден» бұрын туындатқан. Мұнда автор өзі көріп куәсі болған, басынан өткен немесе естіген жайттар мен түрлі оқиғаларды қаз-қалпында баяндаған. Сол себепті де оны әдеби-мемуарлық көркем прозаның туған әдебиет тарихындағы алғашқы үлгісіне жатқызуға болады. Онда сан қырлы суреттер мен эпитет, теңеулер, айшықты образдар мен сол заманда өмір сүрген ақындар мен ойшылдар ғана емес, сондай-ақ автордың ойға толы өз жыр жолдары да ұшырасады» деп жазды. Тұтастай алғанда, Әбдісаттар Дербісәлінің М.Х.Дулатидің өмір жолы мен тағдыры, шығармаларының жариялануы, сақталуы, зерттелуі, библиографиясы туралы мақалаларында өріс алған ғылыми ой-толғамдарының дулатитанудағы маңызы жоғары. Міне, осы реттегі оның аса ірі еңбегі – ұлы бабаның екінші бір жарқын туындысы «Жаһан наме» дастанын тауып, онымен қазақ оқырмандарын қауыштыруы еді. Ғалымның бұл еңбегі кезінде қаншалықты дәрежеде айтылды, бағаланды, ол өз алдына әңгіме, ал, шын мәнінде, Ә.Дербісәлінің бұл еңбегі – қазақ руханиятындағы үлкен жаңалық болатын. Автор дастанның ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасын және оны Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасап, кең көлемді алғы сөзін жазып, сөздікті құрастырып, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, сөйтіп толық күйінде баспаға әзірлеп, 2006 жылы Алматының «Білім» баспасынан жарыққа шығарды. Көркем безендіріліп, сапалы дайындалған кітап 432 беттен тұрады. Кітапта Ә.Дербісәлінің «Жақсыдан қалған жәдігер» атты кең көлемді зерттеу мақаласы берілген. 40 беттің үстіндегі еңбекте М.Х. Дулати мұрасының хатқа түсуі, зерттелу тарихы, қазақ ғалымдарының еңбектерінде «Тарих-и Рашиди» деректерін пайдалануы, ғылыми айналысқа түсуі қысқа да нұсқа айтыла келіп, «Жаһан наме» дастанының табылу тарихы мен әдеби туынды ретіндегі ерекшелігі, көркемдік мәселелері жан-жақты талданады. «Мырза Мұхаммед Хайдарды біз негізінен тарихшы ретінде танып, бағалап келдік. Десек те кейбір еңбектерде оның ақын да болғандығы жайлы айтылғанмен, поэзиясы туралы деректер аз ұшырасады.

Әйтсе де, оның қаламынан «Тарих-и Рашиди» секілді классикалық еңбектен басқа «Жаһан наме» атты поэма да туған. Ғалым еңбектерінің әлем кітапханалары мен қолжазба қорларына шашырап кеткендігі сияқты поэма да көпке дейін мәлімсіз болып келді. Оны Берлин кітапханасынан кездейсоқ ұшыратып, оқып 1937 жылы неміс тілінде ол туралы шағын да болса тұңғыш мақала жазған башқұрт ғалымы атақты Ахмет Зәки Валиди Тоған (1891-1970) болатын. Әуелі ол поэманың еш жерінде автордың аты аталмайтынына көңіл аударған. Сол себепті және де



ол поэма ежелгі түркі әдеби тілінде жазылып Орталық Азияда болған тарихи оқиғалар баяндалатындықтан ба, неміс шығыстанушысы И.М.Хартман (1764-1827) оны Қожа Ахмет Ясауи өлеңдерінен тұратын жинаққа қосқан. Содан оны Ахмет Зәки Валиди оқи келе поэманы жазған Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиден басқа ешкім де емес деп пышақ кесті тұжырым жасаған» деп жазады ғалым.

Мұны сол кездегі шығыстанушы өзге ғалымдар да қуаттаған. Алайда ғалым Ә.Дербісәлінің айтуынша, ең басты айғақ – дастанның беташарындағы автордың бірінші жақпен баяндаған өмірбаянының Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидинің» «екінші дәптерінде» жазған өмірбаянымен тікелей, әрі толық үндес келуі болатын. «Жаһан наме» туындысы ғалымның қолына оңайлықпен түспеді. Тек 1994 жылы сәті келіп, қажырлы еңбегінің арқасында ғана Берлин кітапханасының қолжазба қорындағы асыл мұра туған елге оралады.

Шығарманы аудару жұмысымен айналысып жүріп, бірде Шыңжан өлкесіне іссапармен барғанында, «Жаһан наме» тағы бір көшірмесінің Қашғар қаласынан табылғанын естіп, сәті түсіп сондағы қазақ ғалымы Ахметбек Кіршібаевпен кездесіп, одан поэманы елге алып қайтады. Бұл қазақ руханиятындағы үлкен олжалы жұмыс еді. Дастанды ежелгі түркі әдеби тілінен қазақ тіліне аудару кезінде Берлин мен Қашғар нұсқаларын салыстыра тексереді. Сөйтіп, профессор Әбдісаттар Дербісәлі ежелгі түркі әдеби тіліндегі жазбаның транскрипциясын келтіре отырып, шығарманы қазақ тіліне аударған. Дастанның қазақ тіліне аударылуы жоғары деңгейде деп білеміз. Тілдік, стильдік ерекшелігі сақталынып, тілге жеңіл де түсінікті, бейнелі де әуезді тәржімаланған. Аударма бүгінгі оқырманның ұғымына сай тартымды оқылады. Бұл айтар ауызға жеңіл болғанмен, ғалымның көз майын тауысып, үлкен махаббатпен, Дулати мұрасына деген шексіз сүйіспеншілікпен орындаған нәтижелі жұмысының жемісі болатын. Сондай-ақ бұл кітапта ғалым «Жаһан наме» дастанына жан-жақты филологиялық талдау жасайды. Тақырыптық-идеялық, құрылымдық, сюжеттік, образдық, тілдік, көркемдік тұрғыдан шығарма табиғатын терең ашып баяндайды. Шығарманың мемуарлық, тарихи сипатына мән береді. Шығыс әдебиетіндегі дәстүр жалғастығын көрсетеді. Тұтастай алғанда, «Жаһан наме» туындысы тарихи, филологиялық тұрғыдан терең білгірлікпен талданған бұл еңбек кейінгі зерттеушілерге ғылыми-методологиялық жағынан Темірқазық жұлдызындай жөн-жоба сілтеуші болады десек қателеспейміз. Ғалым дастанға уақыт тезінен өткізіп, асығыстыққа жол бермей салмақты, байыпты көзқараспен келген. Сондықтан да туындыдағы кездесетін кейбір бәйіттерге түсініктің берілуі, сөздік жұмысының жүргізілуі, жекелеген сөздерге түсініктің жазылуы, ұлы бабаның өмірі мен шығармашылығы жөнінде орыс тілінде тарихи-әдеби очерктің ұсынылуы, кең көлемді әдебиеттер библиографиясының қамтылуы, ақыр соңында Берлин кітапханасының қолжазба қорынан алынған «Жаһан наме» дастанының фотокошірмесінің берілуі, орыс, ағылшын тілдерінде аннотацияның жазылуы – кітаптың ғылыми-танымдық сипатын арттырған. Қорыта айтқанда, ғалым дайындап баспаға ұсынған бұл кітап – әдебиет тарихына қосылған құнды қазына. Оны оқу, әлі де тереңдете зерттеу, бағалау бүгінгі зерделі ұрпақ мойнында. Қоғамды нарық билеп, адам жүрегі қатқылданып бара жатқан мына заманда жас ұрпақты мейірімділік пен ізгілікке, махаббат сезіміне тәрбиелеуде шығарманың тағылымдық сипаты, эстетикалық әсері жоғары. Ал әдебиеттің, көркемөнердің басты міндеті адамның бойындағы жақсылық сезімін, Жаратқан Иеге құрметін ояту болса, арада 5 ғасырдың үстінде уақыт салып бізге жеткен бұл жәдігердің бағасы арта түспек.

### **Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551)**

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) – белгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес облыстардың тарихы жөніндегі аса құнды түпнұсқа болып саналатын «Тарих-и Рашиди», «Джаһаннаме» дастандарының авторы. Ташкентте дүниеге келіп, Үндістандағы Кашмир уалаятында қайтыс болған. Ғалым Жетісудағы Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Ата-бабалары Моғолстан мемлекеті құрамындағы Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстан мен Түркіменстанның саяси өмірінде белгілі адамдар болған. Дулати — өз заманы үшін жан-жақты әрі аса терең білім алған ғұлама адам. Оған Бабыр, Сұлтан Саид хан сияқты орта ғасырлық аса көрнекті ғұламалар тарих ғылымы, поэзия, музыка, сәулет өнері, зергерлік салалары бойынша дәріс берген. Хайдар Дулатидің әкесі Мұқамед Хусейн Шайбани ханның қолынан қаза табады. Әкесі қайтыс болған соң 1509 жылы Хайдар Дулати сол кезде Кабул уәлаятын билеп тұрған өзінің туған бөлесі Бабыр патшаның қарамағына барады. Ал Бабыр өзінің атақты «Бабырнаме»

атты мемуарлық кітабында Хайдар Дулатидың ақындық талантын, білімділігін, садақ жебесін жасаудағы шеберлігін аса жоғары бағалаған. Сұлтан Саид хан Қашқар елінің билік тағына отырған кезде Хайдар Дулати осында келіп, Қашқар билеушілерінің бірі болады. Сондай-ақ ол ханның мұрагері Әбу ар-Рашид сұлтанның ұстаз-тәрбиешісі болып тағайындалады. 1533 жылы хан тағына отырған Әбу ар-Рашид дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қатты қуғынға ұшыратады. Дулати Үндістанға қашып кетіп, онда Ұлы Моғолдар сарайының әскербасы болады. 1541 жылы Бабыр ұрпақтарының көмегімен Кашмир елін жаулап алып, сонда дербес мемлекетке өзі жеке дара билік жүргізеді. 1551 жылы Хайдар Дулати сондағы тайпалардың бірімен шайқас кезінде мерт болады. «Тарих-и Рашиди» — Хайдар Дулатидің есімін әлемге мәшһүр еткен ең басты шығармасы. Бұл еңбегінде ғалым XV-XVI ғасырларда қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан аймағында болған аса маңызды тарихи оқиғалар туралы баяндайды. Сондай-ақ дастанда Ауғанстан, Тибет, Үнді елдерінде орын алған кейбір саяси, мәдени, әлеуметтік оқиғалар да қамтылған. Ғалым, сол елдерді мекен еткен ру-тайпалардың, халықтардың тарихын, қоғамдық-әлеуметтік өмірін, әдебиетін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын зор білгірлікпен жазып қалдырған. Бұл еңбектің ең құндылығы — Хайдар Дулати өз көзімен көрген аса маңызды оқиғаларды өзінен бұрынғы және өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі тарихи құбылыстармен шебер түрде байланыстыра отырып баяндаған. «Тарих-и Рашиди» — қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Үндістан, Тибет елдерінің XV-XVI ғасырлардағы тарихын, географиясын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші ғалымдар үшін аса құнды, таптырмас деректер көзі болып табылады. Бұл еңбекте бір кезде ауылы аралас, қойы қоралас болып жатқан күллі түркі халықтарының қоғамдық-әлеуметтік ғұмыры баяндалады. Алайда Хайдар Дулатидің бұл кітабын қазақ халқының төл тарихы, шынайы шежіресі деуге болады. Қазақ тарихы, Хайдар Дулатидің айтуы бойынша, Моғолстан мемлекетінің өмірге келуімен тікелей байланысты. Моғолстан — шығысында Ертіспен, солтүстігінде Балқаш көлімен, батысында — Түркістан және Ташкент шаһарларымен, оңтүстігінде Қағариямен шектесіп жатқан ұланғайыр мемлекет болған. Сонау XIV ғасырдың екінші жартысында Моғолстанның алғашқы хандары Тоғлұқ-Темір мен Илияс-қожа Мауераннахрды өзіне қарату үшін бірқатар соғыстар жүргізген. Бертін келе осы мемлекетке қарасты, Жетісу жеріндегі билік әмір Қамараддинге көшкен. Бұл кезде Орта Азияның билеушісі Әмір Темір Моғолстан жеріне қайта-қайта шабуыл жасаумен болған. Моғолстанның билеушілері әмір Қамараддин Дулат, Еңке төре, Қызырқожа хан және Ақ Орда билеушісі Тоқтамыс хан бас қосып, Әмір Темірге қарсы шыққан. Он бесінші ғасырдың екінші жартысында мемлекеттің ішкі қайшылықтары күшейіп, қазақтың көптеген ру-тайпалары Дешті Қыпшақты тастап кеткен. Жетісуға қоныс аударған оларды Шу өңіріне қазақтың алғашқы хандары саналатын Жәнібек пен Керей бастап барған. Моғолстан ханы Есенбұға көшіп келген қазақтарға негізінен Шу өзені, Қаратау маңайынан қоныс беріп, Жәнібек пен Керей Жетісуда қазақ хандығын құрған. Сөйтіп, Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде қазақтың алғашқы хандары және олардың көрші елдермен қарым-қатынасы кең көлемде сөз болады. Сондай-ақ мұнда Керей ханның баласы — Бұрындық хан, Жәнібек ханның баласы — Қасым хан, т. б. туралы құнды деректер бар. Хайдар Дулати қазақ халқының этникалық құрамына енген ру-тайпалар жайында егжей-тегжейлі жаза келіп, тайпалық тартыстардың тарихта сан рет қанды қақтығыстарға соқтырғанын, ел ішіндегі алауыздықты сыртқы жаулар қалай пайдаланып кеткенін нақты деректер негізінде әңгімелейді. «Тарих-и Рашиди» қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге, сан қилы әдеби теңеулерге мейлінше бай. Ең бастысы — бұл мемуарлық еңбектің шынайы көркем туындыға тән сюжеттік желісі бар, композициялық құрылысы ширақ жасалған әрі метафора, эпитет, теңеу іспеттес көріктеу құралдары қатар пайдаланылған. Тағы бір назар аударатын жәйт — автор белілі бір тарихи деректерді тізбектеумен шектеліп қоймай, дәл сол деректер жайында өзінің ой-толғаныстарын дидактикалық философиялық, психологиялық тұрғыдан талдап түсіндіреді. Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидиді» жазу үстінде өзін дарынды ақын ретінде де таныта білген. Проза тілімен түсіндіру қиын болған кейбір жәйттерді ол арагидік поэзия тілімен, яғни жырмен жеткізген. Оның ақындық дарынын кезінде «Тарих-и Рашидиді» өзге тілдерге тәржіма жасаған Батыс пен Шығыстың көптеген ғұламалары ерекше атап



көрсеткен. Хайдар Дулатидің бұл еңбегін тұңғыш рет Англияның аса көрнекті тарихшысы Денисон Росс (1871–1940) ағылшын тіліне аударып, оны 1895 жылы Лондонда бастырып шығарған. Осы кітап сол күйінде ешбір өзгеріссіз қайтадан 1972 жылы Лондонда жарық көрген. Шығарманың қазақ тарихына қатысты тұстарын кезінде белгілі шығыстанушы ғалымдар В. Вельяминов-Зернов, В. Вяткин, т. б. тәржіма жасап, өз еңбектерінде ғылыми негізде пайдаланған. Шежіренің кейбір бөлімдерін кезінде қазақтың көрнекті ғалымы С. Асфендияровта аударған. Хайдар Дулати шежіресінің қазақ тарихына қатысты жерлері 1969 жылы орыс тілінде жарық көрген. Өзбек ғалымдары «Тарих-и Рашидиді» парсы тілінен орыс тіліне аударып, 1996 жылы Ташкентте бастырып шығарған.

Қорыта айтқанда, Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашид» еңбегі — түркі тектес халықтар тарихынан, соның ішінде қазақ қауымының көне шежіресінен аса құнды деректер беретін бірден-бір туынды.

Дереккөзі: <https://www.zharar.com/kz/referat/3089-mohammed.html>

© www.ZHARAR.com

### Мұхаммед Хайдар Хұсайынұлы Дулати

Қазақ ғылымымен мәдениетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан майталман ғалым, халқымыздың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати (Хайдар Дулат). Енді ғана есін жиып, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өткеніне үніле бастаған елдің тарихының өшкенін тауып, қайнар бастауын зерттеп-білу Хайдар Дулатисыз мүмкін емес. Күні бүгінге дейін Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіптен түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген европалық ғалымдардың қай-қайсысын алсақ та, оған жүгінбей, еңбегіне соқпай кете алмайды.

Солай бола тұрса да осындай біртуар тарланбоз жайлы еңбектер бізде жоқтық қасы. Оның өмірі жайлы деректер де аз, ғалым шығармашылығына мемлекеттік тұрғыдан мән беріп зерттеп-бидіп жатқан ғылыми мекемелер де көрінбейді. Оның басты еңбегі әлемге әйгілі «Тарих-и-Рашиди» де қазақ тіліне аударылған жоқ. Бәлкім, бұл Хайдар Дулати шығармасының парсы тілінде жазылып дүние жүзіне шашырап кеткендігінен де болар. Сондықтан да біз осы бір, қайталанбас дара тұлғаның өмірі мен шығармашылығына кеңірек тоқтап өтуді жөн көрдік. Тарихтан біз Шыңғысхан жаулап алған жерлерін көзі тірісінде ұлдарына бөліп бергенде, Алтайдан Атырауға дейінгі өлкенің Шағатайға тигенін білеміз. Ал ол қайтыс болған соң, Мәуеранахр мен Казакстан жерлерін одан тараған ұрпақтары үзлістермен болса да, кезегімен билеп келгенімен, XIV ғасырдың ортасына таман Шағатай мемлекеті екіге бөлініп, Орта Азияны Әмір Темір (1336—1405) иемденді де, Моғолстан (Жетісу мен Шығыс Түркістан) жағы, қазіргі Қырғызстан мен Қазақстан жерлерін қоса, Шағатай ұрпақтарының қолында қала берді. Өзі тұрақтап қалған мемлекеттің шекарасы жайлы Мұхаммед Хайдар Дулати былай дейді: «Моғолстанның шығыс шеті қалмақ жерімен шектесіп Барыскөл, Еміл, Ертісті қамтиды. Терістікте оған Кекше теңіз (Балқаш), Бұм, Каратал қарайды. Батыста —Түркістанмен, Ташкентпен, оңтүстігінде Ферғана уалайатынымен, Турфанмен шектеледі». Хайдар Дулатидің бабалары кезінде осы елдің тарихында үлкен рөл атқарып, биік мансапқа ие болған Жетісу мен Қашғарды мекендеген дулат тайпасының белгілі бектері еді. Олардық Моғолстан тағына өз адамдарын отырғызған сәттері де болған. Қалық қол басқарып, ерлік көрсеткеніне риза болған хан әулеті Шағатай тұсында-ақ ғалым бабаларына Маңлай Сүбе деп аталған осы күнгі Қашғар жерін сыйға тартқан. Олар онда жеке патшалық құрды. Бірақ тақ, үшін таласта Дулат тайпасы да өзгелер секілді өзара тартысқатүскен. Соның салдарынан Қашғарияны ғалымның Мұхаммед Хайдар ныспылы аттас бабасынан Әбу Бәкір Дулати деген тағы бір атасы 1480 жылы тартып алып, Ақсақ Темір ұрпақтары билеп тұрған Орта Азияға кетуге мәжбүр еткен.

Бірақ жаңа мекенінде де ғалым бабасының тыныш өмірі ұзаққа созыла қоймаған. Жошы ханның батыс Сібірді мекен еткен кіші ұлы Шайбанидің әулеті Ақсақ Темір ұрпақтары арасындағы алаусыздықты пайдаланып, олардың жерлерін тартып алуға әрекеттене бастаған. Бұл іс Шайбани тұқымынан шыққан Әбілхайыр хан (1412—1468) тұсында басталғанымен, оны ханның немересі Мұхаммед Шайбани ғана жүзеге асыра алды. XV ғасырдың соңына таман Дешті Қыпшақ елінің басын құрап, үлкен күшке айналдырған ол, енді ат басын Мәуеранахрға қарай бұрды. Бұл ретте

Ашанас, Сығынақ, Өзкент, Аққорған, Қыпшақ, Сауран секілді Сыр бойы қалалары мен қоныстарын өздеріне бағындырған көшпелі өзбектерге тақ үшін таласып қырық-пышақ болған Темір әулеті жөнді тойтарыс бере алмады. Орта Азияға бірнеше бағытпен сыналап енген шайбандықтар бірте-бірте Ташкентке жақындай түсті.



Мухаммад Хайдар ибн Мухаммад Хусайн  
Гурган (Мирза Хайдар Дуглат).





## «Бабалар ізімен» экспедициясы Мұхаммед Хайдар Дулатиге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Бабалар ізімен» ғылыми-тарихи экспедициясы Үндістанда даңқты бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулатиге де қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедиция мүшелері Кашмир штатында болып, даңқты қолбасы әрі тарихшы-ғалымның жерленген жеріне арнайы барған еді. Олар сондай-ақ Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасын зерттеп



жүрген жергілікті ғалымдармен кездесіп, тың мәліметтер жинап қайтты. Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыз 1540-1551 жылдар аралығында Кашмирде 11 жыл бойы билеуші болған. Ол атақты Захир ад Дин Бабырдың бөлесі болған және Ұлы Моғолдардың сарайындағы әскербасы ретінде қызмет етіп, Кашмирді бағындырды. Және оның атақты «Тарихи рашиди» деген еңбегі де осы таулы, табиғаты әсем және жанға жайлы Кашмир жерінде жазылған. 1551 жылы Мұхаммед Хайдар Дулати қайтыс болған соң ол Кашмирдің орталығы Сринагар қаласындағы «Мазар и Салатинге», яғни сұлтандар мазарына жерленген еді. Бүгінде бұл орын тарихи жерге айналған. Сапар Ысқақов, «Бабалар ізімен» экспедициясының жетекшісі: – Бұл кісі жатқан жер қазақтарға киелі жер деп есептеймін. Осы жерге келіп, Құран оқып, бас иіп кету әрбір азаматтың борышы сияқты маған. Бұл кісіден қалған көп мәліметтер бар Кашмир университетінде, Дели университетінде,

басқа жерлерде. Соны егер біздің ғалымдар келіп, зерттейтін болса, көп мәліметтер табуға болады. Үндістандық ғалымдар Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаханнама» және «Тарихи рашиди» деген еңбектеріне ерекше баға береді. «Олар бұл шығармалар өзінің тарихи шынайылығымен және көркемдік сипатымен құнды», – дейді. Дәл осы «Тарихи рашиди» еңбегінің жазылу тарихы «Бабалар ізімен» экспедициясының жетекшісі Сапар Ысқақов пен Кашмир Университетінің профессоры Рафуддин Махмуди арасындағы кездесу барысындағы әңгімеге арқау болды. Рафуддин Махдуми, Кашмир университетінің профессоры: – Ол «Тарихи Рашиди» деген еңбек жазды. Ол – монументалды, өте үлкен шығарма. Мұхаммед Хайдар Дулати сондай-ақ Кашмирдегі барлық дін өкілдерінің басын қосып, діни тақырыптарды ашық талқылайтын жиындар ұйымдастырған. Ол Кашмирді басқарған кезінде Ислам дінінің сүнниттік тармағына көп қолдау білдірген. Мырза Хайдар білім, өнер және ағартуға ерекше көңіл бөлген. Мұхаммед Хайдар Дулати Солтүстік Кашмирден бөлек Тибет, Бадахшан, Кафиристан мен Ладакқа да жорық жасаған. Ол солтүстік Үндістанда көптеген реформа жүргізіп, әскерді күшейтеді, ауыл шаруашылығын дамытып, халықтың әл-ауқатын көтереді. Ол Кашмирде Моғолдар Империясының билеушісі Хумаюнның атынан күміс теңгелер құйдырып, айналымға енгізеді. Кашмир ол кезде Ауған және Иран сияқты елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасайтын деңгейге жетеді. Тарихи тұлғаның есімі Қазақстан мен Үндістанды мәдени тұрғыдан жақындастыруға толықтай лайық. Болат Сәрсенбаев, Қазақстанның Үндістандағы елшісі: –

Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақ елі үшін айтулы, тарихи тұлға. Оның мұрасын зерттеу ісі Президент Назарбаев жария еткен «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сай келіп тұр. Ол арқылы біздің азаматтарымыз үшін өз тарихының белгісіз тұстарын анықтауға мүмкіндік тұмақ. Яғни біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған шақырым жерге келіп, дәл осы Үндістан жерінде із қалдырған. Бұл деректерді Қазақстанда да үнді елінде де насихаттау керек. Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірінің соңы өте аз зерттелген. Қолда бар деректерге сүйенсек, ол 1551 жылы Кашмир аймағындағы Ханпура деген жерде көз жұмған. Оның қандай жағдайда өмірден өткендігі туралы аңыз әңгіме көп. Экспедиция мүшелері дәл осы Ханпураға жол тартып, орта ғасырлық бекініске келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Енді алдағы уақытта Кашмирден жаңа деректерді табу міндеті тұр. Бұл үшін жергілікті ғалымдармен тығыз жұмыс жалғаса бермек.

Авторлары: Саят Жөкенұлы, Қуаныш Қожабеков, Арман Данышбаев

Источник: <http://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/217308-babalar-izimen-ekspeditsiyasy-m-khammed-khajdar-dulatige-atysty-zertteu-zh-mystaryn-zh-rgizdi>

### 3 ҚАРАША - М.Х. ДУЛАТИ ЕСІМІ УНИВЕРСИТЕТКЕ БЕРІЛГЕН КҮН

## М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті



XVI ғасырдың көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ Геродоты атанған тарихшы, қолбасшы, ақын, әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы тарихи танымдық тағылым.

Университет үшін жыл сайын дәстүрлі түрде 3-қараша үлкен атаулы мереке. Бұл күн оқу ордамызға ұлы ғалымның есімі берілген күн. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 қарашадағы № 1485 қаулысының шешімімен Жамбыл университетіне Мұхаммед Хайдар Дулати есімі берілді.

Осыған орай университетте 3-16 қараша аралығында «**М.Х. ДУЛАТИ: ӨМІРІ МЕН ӨНЕГЕСІ**» атты арнайы апталық басталды. «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен әрбір факультет М.Х.Дулатидің өмірі мен шығармашылығына арнап, тәрбиелік-танымдық бағыттарда іс-шаралар, «ашық тәлімгерлік сағаттарды» жоспарлы түрде өткізуде.

Апталықтың тұсаукесері «М.Х.Дулати - Қазақ хандығы тарихының жаршысы» атты тақырыпта Тараз қаласындағы жоғары оқу орындарының ғалымдары мен ТарМУ магистранттары, студенттері қатысуымен болған дөңгелек үстелмен басталды. Дөңгелек үстелге М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-дың бірінші проректоры Абдуалы Асқар Бегәділұлы, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті т.ғ.к., Бақторазов Сейдахан Уәлиұлы доцент, «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.к., Сейітқұлова Жанна Мәмбетқызы, Тараз Мемлекеттік педагогикалық институты «Ж.Баласағұн» атындағы Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері т.ғ.к., доцент Жүрсінбаев Бақытжан Әбсаматұлы, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-дың аға оқытушы Баярисов Режеп Оразбайұлы, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Тарих» мамандығының 4-курс студенті Сатаева Ботакөз Ерболқызы және басқа да ғалымдар мен магистранттар, студенттер қатысты. Дөңгелек үстелдің басты мақсаты - М.Х.Дулатидай тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін болашақ жас мамандарға насихаттай отырып, олардың бойына отансүйгіштік сана сезімді, білім мен ғылымға деген қызығушылықты, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

<http://www.tarsu.kz/en/zhizn-i-tvorchestvo/3-arasha-m-kh-dulati-esimi-universitetke-berilgen-k-n.html>

### I-ші Дулати оқулары

Көрнекті ғалым тарихшы М.Х.Дулатиға арналған «**I Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 1997 жылы 13-15 наурызда өтті. Конференцияға профессор-



оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 77 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинағы жарияланды.

<http://www.tarsu.kz/en/zhizn-i-tvorchestvo/meropriyatiya.html>



**Тараз қаласының  
университетіне  
Мұхаммед Хайдар  
Дулатидің есімі  
берілуі**

Қазақстан Үкіметінің  
1997 жылғы 3  
қарашадағы №1485  
қаулысының  
шешімімен Тараз  
қаласындағы іргелі  
университетке Қазақ  
тарихының негізін  
қалаушы, ғұлама-ғалым,  
ақын, қоғам қайраткері  
Мұхаммед Хайдар  
Дулатидің есімі  
берілді.



### Ескерткіштің ашылуы

ҚР Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаевтың 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялау туралы өкімі шығады. 1998 жылдың 18 ақпанында бекіткен қаулы аясында 1998 жылдың 26 тамызында М.Х. Дулатиге арналған еліміздегі тұңғыш ескерткіш Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

### Ескерткішке Елбасының гүл қоюы

Үндістанға барған Қазақстан делегациясының құрамы







қайраткері, «Дулати қоғамдық қорының» президенті А. Асқаров Үндістанға баратын Қазақстан делегациясын ұйымдастырады. 1999 ж. 22-30 мамырда делегацияның жетекшісі М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-дың ректоры, профессор У.Қ.Бишімбаев, ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі, қоғам қайраткері, меценат М.Дайырбеков, жазушы, тарихшы М.Қазыбек, Тиграхауд фирмасының бас директоры Ә.Жау-жүрек, ТарМУ доценті, т.ғ.к. А.Б.Абдуалы, Жамбыл облыстық «Ақжол» газеті редакторының орынбасары Б.Әбілдаев, Шығыстану институтының аға қызметкері Т.Бейсенбиев Кашмирге барды.

<http://www.tarsu.kz/en/meropriyatiya-na-2013-2014-gg.html>

## II –ші Дулати оқулары

Ұлы ғалым М.Х.Дулатиға арналған «II Дулати оқулары» «Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихының проблемалары» атты тақырыпта Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 1998 жылы 18-20 қыркүйек айында өтті. Конференцияға профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 85 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинағы шыққан.

Конференциядан соң 1999 ж. 17 маусымында Кашмирдегі М.Х.Дулати зияратынан әкелген топырақты ескерткішке салу рәсімі орындалды. Сенат төрағасы Ө. Байгелди, мемлекеттік хатшы Ә. Кекілбайұлы, Қазақстанның бас мүфтиі Рәтбек қажы, Жамбыл облысының әкімі С. Үмбетов, шетелдік және отандық ғалымдар қатысты.









## Үндістан сапары



Ұлы бабамыздың 500 жыл толуы қарсаңында  
1999 жылы мамыр айы Үндістан, Кашмир сапары  
Акбар мавзолейі




«Тарих-и Рашиди» XVI ғасырда көшірілген қолжазба





Университет холындағы Мырза Хайдардың қызыл барқытпен көмкерілген «Тарих-и Рашиди» еңбегінің XVI ғасырда көшірілген қолжазба нұсқасын делегация құрамы қызықтап, танысуда. Кашмир штатындағы Сринагар шаһарының аймағындағы Ұлы ғалым жерленген «Мазар-и салатин» – «Сұлтаннар зиратындағы» қабірде делегация құрамы 1999 ж. 27 мамырда болады. Арнайы құран бағыштап, зиярат етеді. Туған жерден топырақ пен бір топ жусанды апарып, қабірге салады, Тараздағы ескерткішке топырақ алады. 1822 жылы Англия патшайымының Үндістандағы атбегісі, саяхатшы Уильям Муркрафт осы зиратқа аялдап, арнайы тапсырма беріп қойдырған екінші құлпытасқа бетон рама жасаған.

Дулати қабіріне  
1551 ж. қойылған  
бірінші құлпытас.



М. Х. Дулати қабіріне 1822 ж. У. Муркрафт пен Мир Изатулла хан қойған екінші құлпытас.

**Қабір басындағы рәсімдердің жасалуы**  
**«Мазар-и Салатин қабірстанындағы Баба қабірінің басында»**  
**М.Х.Дулати қабірінен туған елге топырақ алу**





1999 ж. 28 мамырында Кашмир университетінде ЮНЕСКО-ның, Үндістан білім және ғылым министрлігі, Қазақстанның Үндістандағы елшілігі ұйымдастыруымен халықаралық конференция өтеді. Ғалымдар Мырза Хайдар Дулати туралы ойларын ортаға салады. Мырза Хайдардың игілікті істерін кашмирліктер құрметпен баяндайды. Конференция соңында екі ел делегациялары естелік сыйлықтар табыстайды.







<http://www.tarsu.kz/en/meropriyatiya-na-2015-2016-gg.html>
















### III –ші Дулати оқулары

Орталық Азияның XVI ғасырдағы көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтың–тұңғыш тарихшысы, ұлы ойшыл ғалым М.Х.Дулатидың 500 жылдық мерейтойына арналған «III Дулати оқулары» «Қазақстан және әлемдік цивилизация: тарих және қазіргі кезең» атты тақырыппен Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 1999 жылы 16-17 маусымда өтті. Конференцияға профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 105 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинағы шыққан.

<http://www.tarsu.kz/kz/trudy-uchenykh.html>

### Орталықтың құрылуы, қызметкерлер құрамы «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы







1997 жылғы 13-15 наурызында өткен халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция қарарының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 қарашадағы № 1485 қаулысы бойынша Жамбыл университетіне Орта Азияның XVI ғасырдағы көрнекті мемлекет қайраткері, ұлы ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати есімі берілді. 1998 жылдың 26 тамызында М.Х.Дулатиға арналған еңселі ескерткіш бой көтеріп, оның ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты. 1999 жылы М.Х.Дулатидің 500 жылдық тойын ЮНЕСКО көлемінде атап өту мақсатында мемлекет қайраткері, «Дулати қоғамдық қорының» президенті А. Асқаров Үндістанға баратын Қазақстан делегациясын ұйымдастырды. 1999 жылы 22-30 мамырда делегацияның жетекшісі М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, профессор У.Қ.Бишімбаев, ғалым Ә.Дербісәлі, қоғам қайраткері, меценат М.Дайырбеков, жазушы, тарихшы М.Қазыбек, «Тиграхауд» фирмасының директоры Ә.Жау-жүрек, ТарМУ доценті, т.ғ.к. А.Б.Абдуалы, Жамбыл облыстық «Ақжол» газеті редакторының орынбасары Б.Әбілдаев, «Шығыстану» институтының аға қызметкері Т.Бейсенбиев Кашмирге барды. 1999 жылы көрнекті мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы, тарихшы, ғұлама, ақын, әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулатидің 500 жылдық тойы өткізіліп, ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдер күн парағына енгізілді. «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы 1999 жылы М.Х.Дулатидің 500 жылдық мерейтойы атап өтілуіне орай, ЮНЕСКО жобасының негізімен М.Х.Дулати университетінің 18.01. 1999 жылы шыққан «О создании центра по изучению творчества М.Х.Дулати» атты №10 бұйрығына байланысты ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, жұмыс жасап келеді. Орталық университеттің құрылымдық бөлімі болып табылады.




**Ғылыми-зерттеу орталығын құрудың мақсаты** – ұлы баба мұраларын зерттеу арқылы орта ғасырлар тарихы бойынша ғылыми тұрғыда бізге жеткізуші ғұлама ғалым, ақын, қолбасшы, әрі дипломат М.Х. Дулати екендігін ұғындыру, әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде қазақ халқының өсу тарихы мен мәдениетін көрсету. «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы университеттің 2011-2020 жылдарға арналған ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асырады. Орталықтың жұмыс бағыттары төмендегідей:

1. Ғылыми-зерттеу бағытында;
2. Насихаттық-танымдық бағытында;
3. Шығармашылық-мәдени бағытта.

Университетте дәстүрлі түрде «Дулати оқулары» өткізіледі. Осы уақытқа дейін М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығына арналған 9 рет Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізілді.

1. Көрнекті ғалым тарихшы М.Х. Дулатиға арналған «**I Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 1997 жылы 13-15 наурызда өтті.
  2. Ұлы ғалым М.Х. Дулатиға арналған «**II Дулати оқулары**» «Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихының проблемалары» атты тақырыпта Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 1998 жылы 18-20 қыркүйек айында өтті.
  3. Орталық Азияның XVI ғасырдағы көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтың-тұңғыш тарихшысы, ұлы ойшыл ғалым М.Х. Дулатидың 500 жылдық мерейтойына арналған «**III Дулати оқулары**» «Қазақстан және әлемдік цивилизация: тарих және қазіргі кезең» атты тақырыппен Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 1999 жылы 16-17 маусымда өтті.
  4. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған ұлы бабамыз М.Х. Дулатиға «Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері» атты тақырыпта «**IV Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2001 жылы 29-31 мамырда өтті.
  5. М.Х. Дулатиға арналған «Қазақстан Халықтарының мәдени-тарихи мұраларын оқып үйрену және дамыту мәселелері» атты тақырыпта «**V Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2005 жылы 13-14 қазанда өткізілді.
  6. М.Х. Дулатидің 510 жылдығына арналған «**VI Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2009 жылы 16-17 қазанда болды.
  7. Ұлы бабамыз М.Х. Дулатиға арналған «**VII Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2012 жылы 20-21 сәуірде өткізілді.
  8. М.Х. Дулатидің 515 жылдығына арналған «**VIII Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2014 жылы 25-26 сәуірде өтті.
  9. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «М.Х. Дулати және түркі әлемі» тақырыбында «**IX Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2016 жылы 5-6 мамырында өтті.
- Конференцияға Отандық және шетелдік дулатитанушы ғалымдар үнемі ғылыми-зерттеу мақалаларын талқылап, жариялап отырады. М.Х. Дулати мұраларын ұлықтау ісі жан-жақты насихатталып, өзінің ылайықты жалғасын таба бермек.

<http://www.tarsu.kz/kz/nauchno-issledovatel'skii-centr-dulatitanu.html>



#### IV – ші Дулатитану оқулары

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған ұлы бабамыз М.Х. Дулатиға «Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері» атты тақырыпта «**IV Дулати оқулары**» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2001 жылы 29-31 мамырда өтті. Конференцияға профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 116 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинағы I-II-бөлім болып шықты.

<http://www.tarsu.kz/kz/4-dulati-okulary.html>

## V –ші Дулатитану оқулары

М.Х.Дулатиға арналған «Қазақстан Халықтарының мәдени тарихи мұраларын оқып үйрену және дамыту мәселелері» атты тақырыпта «V Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2005 жылы 13-14 қазанда өткізілді. Конференцияға профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 93 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинағы шыққан.


<http://www.tarsu.kz/kz/5-dulati-okulary.html>



## VI –шы Дулатитану оқулары




М.Х.Дулатидің 510 жылдығына арналған «VI Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы 2009 жылы 16-17 қазанда болды. Конференцияға профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 350 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинақтары I-II-III-бөлім болып шыққан.

<http://www.tarsu.kz/kz/plan-raboty-na-2013-2014-uchebynyj-god-nauchno-issledovatel'skogo-tsentra-dulatitanu.html>




## VII- ші Дулатитану оқулары

Ұлы бабамыз М.Х.Дулатиға арналған «VII Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы 2012 жылы 20-21 сәуірде өткізілді. Конференцияға профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы 3993 баяндама келіп түсті және оның нәтижесінде конференция материалдарының жинақтары I-II-III-бөлім болып шыққан. Қазіргі уақытта ұлт тарихына жаңаша көзқараспен қарап, зерттеп, зерделеу бағытында жүргізіліп отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі жылдан жылға артып келеді. Университетте дәстүрлі «Дулати оқулары» конференциясына отандық және шетелдік ғалымдар да белсене қатысып, конференцияға баяндама берушілердің де саны көбейіп отыр.





## VIII-ші Дулатитану оқуларының конференциясы



Тараз Мемлекеттік университетінде Орталық Азияның XVI ғасырдағы көрнекті мемлекет қайраткері, қазақтың-тұңғыш тарихшысы, ұлы ойшыл ғалым М.Х.Дулатиға арналған дәстүрлі «Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

Университет ректоры, п.ғ.д., профессоры М.Н.Сарыбековтың басшылығымен, бірінші проректоры, т.ғ.д., профессор А.Б.Абдуалының ұйымдастыруымен және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің бірлесіп өткізуімен М.Х.Дулатидың 515 жылдығына арналған «VIII Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы 2014 жылдың 25-26 сәуірінде «М.Х.Дулати – тарихи танымы және қазіргі кезең» атты тақырыппен өткізілді. Конференция өз жұмыстарын 4 секциялық бағыттарда төмендегідей ұйымдастырып отыр: 1.М.Х.Дулатидың тарихи әлемі және қазіргі кезең, 2.М.Х.Дулатидың әдеби әлемі және рухани үндестік, 3. Қазақ мемлекеттілігі тарих толқынында. 4.Тараз мыңжылдық өркениеттер



тарихының тоғысында.



Жоғарыда ұйымдастырылған секциялар бойынша барлық Дүние жүзі және Қазақстан жоғарғы оқу орындары профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жалпы саны 130-дан астам баяндама келіп түскен, оның нәтижесінде «VIII Дулати оқуларының» материалдары «Тараз баспасынан» ғылыми жинақ болып жарияланды.

2013-2014 оқу жылында «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Филология және журналистика» және «Қазақстан тарихы» кафедралары құрамынан 2 бөлімшесі (филиалы) ашылды. Оның негізгі мақсаты: М.Х.Дулати мұрасын зерттеп, зерделеп, тарихи, әдеби деректемелік, мұрағаттық құжаттарды пайдаланып жүрген ғалымдарды, магистранттарды, білімгерлерді шығармашылық тарихи зерттеу жұмыстарына тарта отырып, ғылым-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімімен тығыз байланысып жұмыс жүргізу. Соның нәтижесінде нақты Дулатитану тақырыбына қатысты ғылыми-зерттеу материалдар көп қамтылды. Дәстүрлі «VIII Дулати оқуларына» Үндістан, Иран, Азербайджан, Өзбекстан, Тәжікстан, т.б. елдердің ғалымдары қатысып, пленарлық мәжілісте баяндамалар жасайды.

Атап айтар болсақ:

1. профессор, ф.ғ.д. Н.М. Маммадов Әзербайджан Ұлттық ғылым академиясы, фольклор институты, Баку қаласынан,
2. Профессор.док. Мансура Хайдар, Индира Ганди атындағы Ұлттық орталығының кеңесшісі, Үндістан Дели қаласынан;
3. Профессор. т.ғ.д., Әлем елдері тарихы каф. меңгерушісі, Э.З. Нуриддинов, Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті, Өзбекстан Республикасынан;
4. Профессор А.Нуралиев Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласынан;
5. ф.ғ.д., Али Мухаммади гуманитарлық ғылымдар кафедрасының профессоры, Иран Республикасынан, Хамадан университеті;
- 6.Профессор.док. Сафор Абдолло, Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы қаласынан шет елдік және отандық ғалымдар келіп ғылыми баяндамалар жасайды.Өтіп отырған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның негізгі мақсаты: Ұлы бабамыздың осы күнге дейін беймәлім күйде қалып келген ғылыми мұраларын көпшілік қауымға жеткізу болып табылады. Осы мақсатта деректемелік және құжаттамалық материалдарды молайту үшін алыс және жақын шетелдердегі ғалымдармен байланыс орнату өте маңызды.

<http://www.tarsu.kz/kz/nauchno-issledovatel'skie-knigi-i-monografii-prednaznachennye-m-kh-dulati.html>



## IX –шы Дулати оқулары

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «М.Х.Дулати және түркі әлемі» тақырыбында «IX Дулати оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы 2016 жылдың 5-6 мамыр айында өткізілді. 9 рет ұйымдастырылған «Дулати оқулары» конференциясы отандық ғылымның дамуына өзіндік үлес қосып келе жатыр. Бүгінгі Дулати бағытында көп ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Конференцияға қатысқан Отандық және шетелдік ғалымдар (Ресей, АҚШ, Германия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан) түркі әлеміне ортақ Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихи мұрасы – өткен тарихымыз бен бүгінгі заманның арасындағы тарихи сабақтастықты байланыстыратын адамзат өркениетіне қосқан үлесімен, тарихи құнды еңбектеріндегі ұлағаттық өситеттерімен, Қазақстанның болашағы – жастардыазаматтық, адамгершілік, Отан сүйгіштік патриотизм рухында тәрбиелеудегі тағылымдық маңызына ерекше тоқталып, маңызды мәліметтерді түсіндіріп, тың ғылыми пікірлермен бөлісті.



<http://www.tarsu.kz/kz/dulati-chteniya.html>

## Дулати мұрасы дәріптелді

Өңіріміздегі бірнеше қоғамдық бірлестіктерді бір арнаға тоғыстырған «SK GROUP» үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамдық лекция» интеллектуалды жобасы әзірленген болатын. Жобаның жоспары бойынша алғашқы кездесу біздің оқу ордамыздың «Жастар сарайында» өтті. Онда университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы Махметғали Сарыбеков студент жастармен кездесіп, лекция оқыды.





Бұл жоба Тараз қаласында тұңғыш рет қолға алынып отыр. Жастарды өнер, мәдениет, әдебиет, спорт, саясат, кәсіпкерлік, өндіріс салаларында жұртшылыққа кеңінен танымал болған азаматтармен кездестіріп, емен-жарқын сұхбат құрып, өнеге көрсетуді көздеген жобаның авторы – Тараз қалалық мәслихатының депутаты Серікбол Берікқожа.

– Жоба Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру, жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, олардың бәсекеге барынша қабілетті, жан-жақты болуына жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылуда. Осы арқылы біз ұлттық игіліктер мен адами құндылықтарды құнттап, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпақты елжанды азамат болып қалыптасуға тәрбиелей аламыз. Өз мамандығының майталманына айналған тұлғаларды дәріптеп, жастарды еңбексүйгіштікке, жаңашылдыққа, іскерлікке баулимыз, – дейді жас депутат.

Кездесуде Махметғали Нұрғалиұлы жастарға жарты сағаттан астам уақыт «М.Х.Дулатидың мұрасы және жастар» тақырыбында дәріс оқып, тарихи тұлғаның 1499 жылы Ташкент қаласында өмірге келгенін, ежелгі Дулат тайпасынан тарайтын әміршілердің ұрпағы болғанын, сондай-ақ оның әйгілі тарихшы, көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ тарихының атасы саналатынын, философ, ғұлама ақын, дипломат, әскери қолбасшы екенін әңгімелейді. Ректор әйгілі тарихшының өмірінің көп бөлігі Орта Азияда, Шығыс Түркістанда, Ауғанстанда, Үндістанда өткенін айтты. Орта Азия тарихын Мұхамед Хайдар Дулатидан асып жазған тарихшы болмағанын жеткізді. Бүгінде Орта Азия халқы жайында қалам тербеуге ниеттенген тарихшылардың басым көпшілігі міндетті түрде Дулатиға сілтеме жасайтыны – соның айғағы. Қазақ хандығының қай жылы құрылғаны туралы дерек те осы кісінің жазып қалдырған еңбегінде нақты атап көрсетілген.

– М.Х.Дулати – қазақ философиясының негізін қалаушы ғалым. Ұлы педагог ретінде де оның елеулі еңбегі аз емес. Өйткені ғұламаның бала тәрбиесіне қатысты еңбектері әлі күнге өзекті болып отыр. Ол «Тарих-и Рашиди» еңбегінде баланың сауатын ашуды балғындар 4 жас, 4 ай, 4 күнге толғанда бастау керектігін айтқан. Бүгінде біздің қоғамда да баланы ерте жастан білімге баулу қолға алынууда.

Ұлы ойшыл 51 жасында Үндістанның Кашмир штатында өмірден өтті. Біз бұған дейін Үндістан мемлекетімен байланыс орнатып, бабамыздың бір уыс топырағын елге әкелдік. Оның зиратына өзі туралы ақпарат беретін тақтайша орнатып, оған ағылшын және қазақ тілінде деректер мен «Қазақ елінің ұлы перзенті» деген сөз жазып қойдық. Себебі Үндістан халқы осы күнге дейін бабамызды өз перзенттері санап келіпті, – деді Махметғали Сарыбеков. Жиын соңында жастар өздерін қызықтырған тақырыптар жайында сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды.

**МЕДИА-ҚЫЗМЕТ**

<http://www.tarsu.kz/kz/component/k2/item/6623-dulati-m-rasy-d-ripteldi.html>





Мұхаммед Хайдар Дулати атын иемденген университеттің ректоры Махметғали Сарыбеков бастаған делегация қаңтар айының 23-28 аралығында әйгілі тарихшы қабірінің қайта жаңғыртылу рәсіміне қатысып қайтқан болатын. Жалпы университет делегациясының Сринагар қаласындағы баба зиратына алғашқы сапары осыдан 19 жыл бұрын болған еді. Ол іссапар барысында Қазақстан тарапынан Үндістанның жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтарымен әріптестік байланыс орнатып, үнді жеріне жерленген ұлы бабамыз М.Х.Дулатидің басына тағзым еткен-тін. Өткен айда Үндістанға барған делегация Сринагар қаласындағы атақты адамдар мен патшалар қорымы «Мазар-и Салатинде» қайта жөндеуден өткен және анықтамалық тақта орнатылған М.Х.Дулати қабірі басындағы зияратқа қатысты. Онда Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы елшісі Болат Сәрсенбаев баба зиратының жөндеуден өтіп, басына тақта орнатылуының оңайлықпен жүзеге аспағанын, бірақ мұның өте қажеттілігін айтып, ағылшын, урду тілінде жазылған анықтамалық тақтаның мазмұнымен таныстырған. Айта кетерлігі, анықтамалық тақтадағы мәтінді ТарМУ оқытушылары жазған екен. Онда «қазақ халқының көрнекті тұлғасы» деген сөз де жазылған. Осы арқылы Мұхаммед Хайдарды үнді азаматы деп жүргендерге нақты жауап берілген. Сондай-ақ ол шарада шығыстанушы ғалым, М.Х.Дулати мұрасын терең зерттеуші Әбсаттар қажы Дербісәлі ғалым мұрасының дүниежүзілік маңызына тоқталған. Ал ТарМУ ректоры Махметғали Сарыбеков Қазақстан мен Үндістан арасындағы мәдени-ғылыми қарым-қатынаста М.Х.Дулатидің алтын көпірге айналып отырғанын, оның күреске толы өмірі мен мұрасының ашылмаған қырларының мол екендігін атап өткен. Зиярат ету барысында баба рухына құран бағышталып, құрбан шалыныпты. Сондай-ақ біздің өңірден арнайы алып барған топырақты баба қабіріне шашқан. Мұнан соң делегация Қазақстанның Үндістандағы елшілігімен Кашмир университеті Орта Азияны зерттеу орталығының қолдауымен өткен «Мұхаммед Хайдар Дулати – Үндістан мен Қазақстан арасындағы алтын көпір» атты халықаралық ғылыми конференция жұмысына қатысқан. Ол басқосуда ТарМУ ректоры Махметғали Сарыбеков «Қазақстан-Үндістан халықаралық байланысындағы М.Х.Дулати мұрасының маңызы», ҚР ҰҒА Шығыстану институтының директоры Әбсаттар қажы Дербісәлі «М.Х.Дулати Кашмир тарихында», ал «Дулатитану» ғылыми-

зерттеу орталығының директоры Сәмен Құлбарак «М.Х.Дулатидің «Жаһан наме» дастаны және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» тақырыптарында баяндамалар жасаған. Өз кезегінде үнді ғалымдары мен профессорлары баба еңбегі туралы ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірген. Жиында М.Х.Дулати атындағы ТарМУ мен Кашмир университеті және оның жанындағы Орта Азияны зерттеу орталығымен білім беру, ғылыми қарым-қатынасты дамыту бағытында екі жақты меморандумға қол қойылған.



Осындай ауқымы кең іссапардан қайтқан делегация мүшелері салтанатты түрде баба ескерткіші маңына өзі жерленген Кашмир аймағындағы қабірінен топырақ салды. Онда университет ректоры Махметғали Сарыбеков Үндістан еліне барған сапарлары сәтті және оған Үндістандағы Қазақстан елшісі Болат Сәрсенбаевтың ұйытқы болғанын жеткізді.

– Қаңтар айының 23-28 аралығында Үндістанға барып қайттық. Онда баба қабіріне зиярат етіп, оның жаңғыртылу жұмысына куә болдық. Сондай-ақ «Мұхаммед Хайдар Дулати – Үндістан мен Қазақстан арасындағы алтын көпір» атты халықаралық ғылыми конференция жұмысына қатысып, ұлттық өнерімізді дәріптедік. Бұл дегеніміз – Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы міндеттер аясында өткен игі шара десек болады. Жалпы университетке 1997 жылдың 3 қарашасы күні М.Х.Дулатидің есімі берілген болатын. Содан бері 3 қараша – университет күні болып аталып келеді. Өткен жылы оқу орнына ғалым есімі берілгеніне 20 жыл болды. Негізі біз жастарға ғалым туралы кеңінен айтып, санасына сіңіру жолында көп жұмыс жасап келеміз. Атап айтқанда, университетке түскен студенттерге М.Х. Дулати туралы ректор дәрісі оқытылады. Бұдан өзге, ғалым атындағы оқулар мен түрлі шаралар үздіксіз ұйымдастырылуда, – дейді Махметғали Нұрғалиұлы.

Бұдан кейін Үндістаннан әкелінген топырақ салтанатты түрде ескерткіш маңына көміліп, баба рухына құран бағышталды. Салтанатты шарадан соң университет оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен жиын өтіп, онда оқу орнының басшысы бұл сапардың екі елдің ғылыми байланысын одан әрі нығайтуға негіз болғанын айтып, мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табу қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ баба туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары тоқтамау керектігін тілге тиек етіп, ол үшін Кашмир университеті және оның жанындағы Орта Азияны зерттеу орталығы қолдау білдіретінін баса айтты. Ал «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сәмен Құлбарак өзі басқаратын орталықтың жұмысы жайында кеңінен баяндап, жоспарларымен бөлісті.

Шынболат СЕЙДУАЛИЕВ





**Жамбыл облысы орталығындағы қарашанырақтың бірі – М.Х.Дулати атындағы ТарМУ бас ғимаратының алдында белгілі тарихшының ескерткіші орналасқан. Тарихшының ескерткіші жанына ғалым жерленген Үндістанның Кашмир аймағындағы қабірінен әкелінген топырақ салынды. Университет ректоры Махметғали Сарыбеков бастаған делегация 23 – 28 қаңтар аралығында әйгілі тарихшы қабірінің қайта жаңғыртылу рәсіміне қатысып қайтқан болатын.**

Жалпы, университет делегациясы Сринагар қаласындағы баба зиратының алғашқы сапарын осыдан 19 жыл бұрын бастаған еді. Ол іссапар барысында Қазақстан тарапынан Үндістанның жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтарымен әріптестік байланыс орнатып, Үнді жеріне жерленген ұлы бабамыз М.Х.Дулатидың басына тағзым еткен-ді. Өткен айда Үнді жеріне барған делегация Сринагардағы атақты адамдар мен патшалар қорымы «Мазар-и Салатинде» қайта жөндеуден өткен және анықтамалық тақта орнатылған М.Х.Дулати қабірі басындағы зияратқа қатысыпты. Онда Қазақстанның Үндістандағы Төтенше және өкілетті елшісі Болат Сәрсенбаев баба зиратының жөндеуден өтіп, басына тақта орнатылуының оңайлықпен жүзеге аспағанын, бірақ мұның өте қажеттілігін айтып, ағылшын, урду тілінде жазылған анықтамалық тақтаның мазмұнымен таныстырған. Айта кетерлігі, анықтамалық тақтадағы мәтінді ТарМУ оқытушылары жазған екен. Онда «қазақ халқының көрнекті тұлғасы» деген сөз де жазылған. Осы арқылы Мұхаммед Хайдарды үнді азаматы деп жүргендерге нақты жауап берілген. Сондай-ақ ол шарада шығыстанушы ғалым, М.Х.Дулати мұрасын терең зерттеуші Әбсаттар қажы Дербісәлі ғалым мұрасының дүниежүзілік маңызына тоқталған. ТарМУ ректоры Махметғали Сарыбеков Қазақстан мен Үндістан арасындағы мәдени-ғылыми қарым-қатынаста М.Х.Дулатидың алтын көпірге айналып отырғанын, оның күреске толы өмірі мен мұрасының ашылмаған қырларының мол екендігін атап өткен. Бұдан соң делегация Қазақстанның Үндістандағы елшілігі және Кашмир университеті Орта Азияны зерттеу орталығының қолдауымен өткен «Мұхаммед Хайдар Дулати – Үндістан мен Қазақстан арасындағы алтын көпір» атты халықаралық ғылыми конференция жұмысына қатысты. Жиында М.Х.Дулати атындағы ТарМУ мен Кашмир университеті және оның жанындағы Орта Азияны зерттеу орталығымен білім беру, ғылыми қарым-қатынасты дамыту бағытында екіжақты Меморандумға қол қойылыпты. Университет ректоры Үндістан еліне барған сапарлары сәтті болғанын және оған Қазақстанның Үндістандағы елшісі ұйытқы болғанын жеткізді. – 23 – 28 қаңтар аралығында Үндістанға барып қайттық. Онда баба қабіріне зиярат етіп, оның жаңғыртылу жұмысына куә болдық. Сондай-ақ «Мұхаммед Хайдар Дулати – Үндістан мен Қазақстан арасындағы алтын көпір» атты халықаралық ғылыми конференция жұмысына қатысып, ұлттық өнерімізді дәріптедік. Мұны Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы міндеттер аясында өткен игі шара десек болады. Жалпы, университетке 1997 жылдың 3 қарашасында М.Х. Дулатидің есімі берілген болатын. Содан бері 3 қараша – Университет күні болып аталып келеді. Өткен жылы оқу орнына ғалым есімі берілгеніне 20 жыл болды. Негізі біз жастарға ғалым туралы кеңінен айтып, санасына сіңіру жолында көп жұмыс жасап келеміз. Атап айтқанда, университетке түскен студенттерге М.Х.Дулати туралы ректор дәрісі оқытылады. Бұдан өзге ғалым атындағы оқулар мен түрлі шаралар үздіксіз ұйымдастырылуда, – деді Махметғали Нұрғалиұлы. Шарада Үндістаннан әкелінген топырақ салтанатты түрде ескерткіш маңына көміліп, баба рухына құран бағышталды. Бұдан соң университет оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен жиын өтіп, онда осы сапарда көтерілген мәселелер айтылды.

**Ерман ӘБДИЕВ**  
**Жамбыл облысы**

### **Меч и музы Мирзы Хайдара**

#### **Мирза Мухаммед Хайдар Дулати и его «Тарихи и Рашиди»**

#### **Мирза Мухаммед Хайдар Дулати. Жизнь и творчество.**

Мырза Мухаммед Хайдар бен Мухаммед Хусайн Куре-кандуглат (родился в 1499 г. в Ташкенте, - умер в 1551 г. в Кашмирском валайте в Индустане) - известный историк, литератор. В литературе известен как Хайдар мырза, Мырза Хайдар.



Мухаммед Хайдар-дулат является автором дастана "Джаханнама", вошедшего в исторический справочник по Могулистану и приграничных ему областей - "Тарихи Рашиди". Предки Мухаммед Хайдара-дулати были видными политическими деятелями на территории юго-восточного Казахстана, Кыргызстана и Восточного Туркестана, входившей в государство Могулистан. Они занимали посты улусбеков, тарханов и управляли своим наследственным владением - Манглай-Субеном. Амир Полатшы (Пуладчи) дулат во времена развала Чагатайского государства в середине XIV в. назначил Тогалык Тимура ханом восточной части этого государства. Еще один предок Мухаммед Хайдара-дулати - Амир Худайдат - в свою бытность улусбеком сменил шесть ханов на Могулистан-ском троне. А прадед Мухаммед Хайдара-дулати - Мухаммед Хайдар мырза - до 1480 г. правил Кашгарией. Отец его, Мухаммед Хусайн, был одним из приближенных хана Султан Махмуда, правителя восточной части Могулистана в конце XV - начале XVI вв. Мать Мухаммед Хайдара-дулати - Хуб Нигар ханум - является дочерью Жунис-хана, а сам он - двоюродным братом по материнской линии султана Саид-хана и основателя династии Великих Могулов, правивших в Индустане - Захир ад-Дин Мухаммед Бабура.

Детство Мухаммед Хайдара-дулати приходится на времена заката государства династии Тимура в Средней Азии, произошедшего под давлением узбекских кочевников Мухаммеда Шейбани, развала Могулистана и возвышения Казахского ханства. После смерти отца, во время войны между ханом Султан Махмудом и ханом Мухаммедом Шейбани родственники Мухаммед Хайдара-дулати отправили его в Кабул к Бабуру. Мухаммед Хайдар-дулати участвовал в устроенном Бабуром походе на Ма-вераннахр. С 1512 г. Мухаммед Хайдар-дулати, находясь во дворце хана Султана Саида в Кашгарии, занимал видные военные и другие должности при дворе. Он принимал участие в войне с Абу Бакром за Кашгар и Жаркент в 1514 г., а также в военных походах на Кыргызстан, юго-восточный Казахстан и Тибет. Мухаммед Хайдар-дулати воспитывал наследника ханского престола - Абу ар-Рашид султана. По словам Бабура, Мухаммед Хайдар-дулати обладал энциклопедическими знаниями. Он был в курсе всех политических событий, знал политических деятелей. Мухаммед Хайдар-дулати был хорошим знатоком истории Казахстана и Средней Азии, Могулистана, особенно феодальной прослойки племени дулат. В 1541-1546 гг. в Кашмире он написал "Тарихи Рашиди". Данную работу Мухаммед Хайдар-дулати написал на персидском языке, опираясь на передававшиеся от поколения к поколению рассказы о прошлом дулатов, легенды могулов, секретные документы, сохранившиеся во дворцах могульских ханов, свидетельства очевидцев и свои наблюдения. Автор также пользовался историческими произведениями таких известных ученых прошлого, как Жувейни, Жамал Карши, Рашид ад-Дин Али Йазди,

